ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Сыр бойы

№53 (19536)
12 сәуір, бейсенбі
2018 жыл
www.syrboyi.kz

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

ПРЕЗИДЕНТ

СЕНІМ – ЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ДӘНЕКЕРЛІК ДІҢГЕГІ

Кеше Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев елшілерден сенім грамоталарын қабылдады.

Рәсім барысында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа Ресей Федерациясының Төтенше және өкілетті елшісі, Өзбекстан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі, Түркіменстанның Төтенше және өкілетті елшісі және Италия Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі сенім грамотасын тапсырды.

Мемлекет басшысы рәсімге қатысушыларды Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының басталуымен құттықтап, олардың қызметтері мемлекетаралық қарым-қатынастарды дамытуға тың серпін беретініне сенім білдірді.

– Сіздердің дипломатиялық қызметтеріңіз еліміз үшін мазмұнды әрі маңызды оқиғаларға толы кезеңде басталғалы тұр. Қазақстан ширек ғасыр ішінде демократиялық жүйесі орныққан, азаматтық қоғамы кемелденген, экономикасы дамыған мемлекетке айналды, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті елімізде халықаралық байланыстарды нығайтуға бағытталған көпжақты сыртқы саясат жалғаса беретінін атап өтті.

– Біз бейбітшілік пен қауіпсіздікті халықаралық құқық негізінде нығайтуды көздейтін іс-әрекеттерді қолдаймыз. Бұған Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде атқарып келе жатқан қызметі дәлел, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің бітімгершілік жұмыстарға белсенді атсалысып отырғанына назар аударып, Сириядағы қақтығыстарды реттеу ісінде Астана процесінің айрықша рөл атқаратынын айтты.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті Еуразиялық экономикалық одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, ТМД және Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы сияқты халықаралық ұйымдар аясында бірлесе іс-қимыл жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелеріне тоқталып, Қазақстанда инвестиция тарту үшін қалыптасқан мүмкіндіктер жөнінде айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев «Жасыл» технологияларды дамыту жөніндегі халықаралық орталықтың, IT-стартаптар технопаркінің, «Астана» халықаралық қаржы орталығының жұмысы туралы айтып, дипломаттарды осы бағытта белсенді түрде ынтымақтасуға шақырды.

– Өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту үшін Қазақстандағы зор мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану қажет. Биыл біздің елімізде бірқатар маңызды халықаралық іс-шаралар жоспарланып отыр. Атап айтқанда, Астана экономикалық форумы, Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының VI съезі және Дүниежүзілік Ислам экономикалық форумы өтеді. Осы басқосуларға сіздердің елдеріңіз белсене қатысады деп ойлаймын, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасында қалыптасқан мемлекетаралық қарым-қатынастың жоғары деңгейде екенін айтып, ынтымақтастықты одан әрі нығайта түсу бағыты екі ел халқы тарапынан кең қолдау тауып отырғанын атап өтті.

– Мен Ресей Президенті Владимир Владимирович Путинмен достыққа негізделген жеке қарым-қатынасымызды жоғары бағалаймын. Халықтарымыздың игілігі жолында Қазақстан екіжақты форматта да, халықаралық күн тәртібі аясында да Ресеймен байланысты кеңейте түсуге ниетті, – деді Қазақстан Президенті.

Рәсім барысында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің Қазақстан-Өзбекстан қарым-қатынасын одан әрі нығайтуға зор үлес қосқанын атап өтті.

– Бізді Өзбекстан Республикасымен көпғасырлық достық қатынастар, мәдениетіміз бен салт-дәстүріміздің ортақтығы тығыз байланыстырып отыр. Қазақстандағы Өзбекстан жылының басталуы және келесі жылы бауырлас Өзбекстандағы Қазақстан жылының атап өтілуі жаңа кезеңге жол ашып, ынтымақтастығымыздың барлық саласына тың серпін беретін болады, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Түркіменстанмен көпжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ниетті екенін айтты.

– Бүгінде Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттер – Қазақстан мен Түркіменстанды тату көршілік қатынастар байланыстырады. Елдеріміз арасында сенімді әрі сындарлы диалог орнап, барлық басты бағыттар бойынша өзара түсініскіштік жоғары деңгейіне қол жеткізілді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті Италия Республикасымен сауда-экономикалық байланыстардың дамып келе жатқанына ерекше тоқталды.

– Италия Қазақстанның сауда саласындағы әріптестерінің үздік үштігіне кіреді және бұл көрсеткіш бойынша Еуроодақ елдері арасында бірінші орын алып отыр. Сондай-ақ, Италия – еліміздің экономикасына қаржы құйып отырған ірі инвесторлардың бірі. Қазақстан Италиямен жан-жақты ынтымақтастықты, соның ішінде инновациялар мен озық технологиялар саласындағы байланыстарды одан әрі дамытуға ниетті, – деді Мемлекет басшысы.

Соңында Елбасы дипломаттарды тағы да құттықтап, екіжақты қарым-қатынастарды нығайту жолындағы қызметтеріне табыс тіледі.

ТӨЛ МӘДЕНИЕТ ТҮЛЕЙ БЕРЕДІ

Елбасы Қазақстанның халық әртісі Досхан Жолжақсыновты қабылдады.

Кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаев Досхан Жолжақсыновтың отандық кинематография және театр өнерін дамытуға сіңірген еңбегін ерекше атап өтті.

– Сіз – отандық мәдениеттің көрнекті өкілдерінің бірісіз, Қазақстанның халық әртісісіз. Ұзақ жылдар бойы балалар мен жасөспірімдер театрына басшылық еттіңіз. Осы уақыт ішінде мәдениетіміздің дамуына және Қазақстан қоғамының рухани тұрғыдан жаңғыруына зор үлес қостыңыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті киноиндустрияның маңыздылығын айрықша атап, оның қазіргі мәдениет саласында алатын орнына тоқталды.

– Бүгінде кино ұлттық сана-сезім мен төл мәдениетімізді бейнелейтін негізгі құралдың біріне айналды. Сондықтан мен сізді отандық киномызды одан әрі дамыту мәселелерін талқылау үшін шақырдым, – деді Елбасы.

Досхан Жолжақсынов Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстанның кинематография өнеріне ерекше көңіл бөліп отырғаны үшін алғыс айтты.

– Сіздің жан-жақты қолдауыңыздың арқасында қазіргі киноиндустрия саласы дамудың жаңа сатысына көтерілді. Қиындықтарға қарамастан, «Көшпенділер» фильмін түсіріп, халқымыздың тарихын күллі әлемге таныттық. Содан кейін «Жау жүрек мың бала» мен «Алмас қылыш» фильмдері, сондай-ақ, менің «Біржан сал», «Құнанбай» фильмдерім және басқа кинотуындылар түсірілді. Еліміздің бүкіл өңірін аралап, «Құнанбай» фильмін көрсеттік. Біз кино арқылы тарихи оқиғалар мен қазақ халқының мінез-құлқын бейнелеп, жұртшылық санасына рухани жаңғырудың негізгі идеяларын сіңіруге тырыстық, – деді халық әртісі.

ҒАРЫШҚА ЖОЛ САЛҒАН КҮН

БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АВИАЦИЯ ЖӘНЕ ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ

1961 жылдың 12 сәуірінде адамзат тарихында тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин аспан әлеміне көтерілді. Бұл бұрын-соңды болмаған тарихи жетістік еді. Оқиға басқа емес, дәл осы Қазақ елінен, Сыр жерінен бастау алған.

Әлемде теңдесі жоқ алып ғарыш айлағы – Байқоңырдан 1957 жылдың 4 қазанында тұңғыш ғарыш ракетасы ұшырылып, ол дүние жүзіндегі ең бірінші жердің жасанды серігін орбитаға шығарған болатын.

Байқоңырдан қазақтың үш батыры ғарыш әлеміне көтерілді. Еліміз тәуелсіздік алар тұста 1991 жылдың 2 қазанында «Союз ТМ-13» кемесімен Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшты. Тоқтар ағамыздан кейін Талғат Мұсабаев пен Айдын Айымбетов көк төсіне самғады.

Жер кіндігі саналатын «Байқоңыр» – Қармақшы ауданының аумағында орналасқан ғарыш алаңы. Оның іргесі 1955 жылы қаланған. Ғарыш алаңын салу үшін бұл жердің елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, ракета ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық нысандар үшін қолайлы қону аймақтарының болуы сынды басқа да жер жағдайлары ескерілген.

Жұлдызды қаланың бүгінде екінші тынысы ашылды деуге де болады. Қазір «Байқоңырды» ғарышқа бағытталған моноқала есебінде ғана емес, өнеркәсіп пен жоғары технология орталығы ретінде дамыту қолға алынды. Айлақтан «Бәйтерек» жаңа ғарыш зымыран кешенін салу көзделіп отыр. Бұл байыпты бастамаға Қазақстанмен бірге Ресей тарапы да мүдделі. Еншілес екі мемлекет дамудың жаңа жобасын жасап, тиісті шараларды бастап та кеткен.

Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының отырысында Байқоңырды дамытудың бірлескен жобасы туралы келісімге келгенін атап өту керек. Жобаның жүзеге асуымен жалға беру жағдайында қаладағы инженерлік нысандарды және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту көзделіп отыр. Жаңа тұрғын үйлер құрылысына қатысты да жағымды жаңалық бар. Қазақстан жағы бұл жерде жаңа шағын аудан тұрғызады. Ондағы бес үйде 250 байқоңырлық отбасы қоныстанады деп күтілуде. Тіпті, жұлдызды қалаға газ жеткізіліп, тұрғындар көгілдір отынның игілігін көре бастады.

Жалпы, бүгінгі Байқоңырды әлемдік ғылым мен техниканың ең озық жетістіктерінің тоғысы, адамзат ақылының шоғырланған жері десек, қателеспейміз. Қазіргі күні Қазақ елі Ресей Федерациясымен тізе қосып, ғарышты игеру жолында ауқымды жобаларды қолға алып отыр.

Әзиз БАТЫРБЕКОВ,
«Сыр бойы».

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ЖАЛАҒАШ ЖАН-ЖАҚТЫ ЖЕТІСТІККЕ ИЕК АРТТЫ

Жалағашта жүйелі іс бар. Төрт түлігін түлетіп, егістігін жайқалтқан ауданда мемлекеттік бағдарламалар көмегімен жаңа бастамалар қолға алынып, оң нәтижесін беруде. Бұған біз өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен кезекті баспасөз турында көз жеткіздік.

ЖЫЛЫЖАЙДЫҢ ИЕСІ – СТУДЕНТТЕР

Бірінші болып аудан орталығында орналасқан Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінің жұмысымен таныстық. Байқағанымыздай, аграрлық саланың әлеуетін арттыруды көздейтін арнаулы оқу орнына ерекше қолдау көрсетілген. Мұнда «Ферма шаруашылығы», «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары», «Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану», «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мен «Дәнекерлеу ісі» секілді мамандықтар бойынша болашақ кадрлар дайындалуда. Жуырда колледж жанынан жылыжай да ашылыпты. БҰҰ Даму бағдарламасы шеңберінде ашылған жылыжай ісіне студенттер жіті мән беріп, отандық көкөністің сұранысқа сай шығуына үлес қосқысы келеді. Колледж директоры Ғани Серікбаевтың айтуынша, қазір мұнда 360 түп қияр, 260 түп қызанақ, шалғам, аскөк, ақжелкен егіліп, бастапқы өнімін бере бастаған.

– Жобаның құны – 3,2 млн теңге. Жылыжай ұзындығы 27 метрді құрайды. Өздеріңізге белгілі, жылыжайда көкөніс өсіру – көп еңбекті қажет ететін процесс. Жемістің әр түрін өсірудің өзіндік құпиясын меңгеру қажет. Бұған біз студенттерді тартудамыз. Өндірістік шеберлер олардың бұл дүниелерді көзбен көріп, қызығушылық танытуына ықпал жасауда. Сырттан келетін көкөніс өнімдерінің орнын өз жеріміздің шыққан өнімдермен алмастыруды ойлаймыз. Ұтымды технологияның арқасында жыл он екі ай бойы көкөніс өндіріп, тұтынушыларға ұсыну мүмкіндігі қарастырылып отыр. Бұған қоса колледжде фермер мамандығының «Жеміс және көкөніс өсіруші» біліктілігі бойынша оқып жатқан студенттер "Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы" аясында жұмысқа орналаса алады, – дейді Ғ.Серікбаев.

«ТӘТТІ» БИЗНЕС

Кентте табысты кәсіпті тізгіндегендер де бар. «Гаюпова» ЖК кондитерлік цех, наубайханасы қандайда бір салтанатты дастарханның сәнін келтіріп, тіл үйірер дәмімен есте қалатын тағамдарымен көпке танымал болған. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында жеңілдетілген несиеге қол жеткізген кәсіпкерлік нысанында 4 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ерекше кәсіп түріне серпін берген Әйгерім Каюповамен тілдескенімізде, ол өнімдердің аудандағы мектеп, балабақшаларға ұдайы жеткізіліп отыратынын айтты.

– Тәттіден бас тартатын адам жоқ шығар. Себебі, оны балалар ғана емес, ересектер де сүйсініп жейді. Біздегі кондитерлік өнімдер көлемі, дәмі, безендірілуі жағынан бір-бірінен асып түседі. Бағасы да қолжетімді. Наубайханадан жүздеген нан өнімдері шығарылады. Өмірде мақсатсыз адам болмайды, менің де алға қойған мақсатым – осы кәсіпті кеңейту арқылы аудан дамуына жол ашу, – дейді кәсіпкер.

Сатып алушыларының алғысына бөленіп, қуанышына ортақтасуды мақсат ететін кейіпкеріміздің алдағы уақытқа жоспары көп. Ең бастысы, ол мемлекет идеясын игілікке айналдыруына мүмкіндік бергеніне қуанышты.

РИЗЫҒЫН МАЛДАН ТАПҚАН

Бұдан бөлек, біз ауданға қарасты Ақкөм ауылдық округіне ат басын бұрып, мал шаруашылығын шалқытып отырған «Нұрболат» қожалығының жұмысына қанық болдық. Тірлігін дөңгелентіп, мал өсіріп, бейнетіне көніп, зейнетін көріп отырған кәсіпкер Нұрболат Абдраманов бұл істі отбасымен бастаған.

«Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» демекші, олар еңбектің көзін тапса, пайда табуға болатынын дәлелдеуде. Қожалықта 58-ден астам мүйізді ірі қара бар. Мал басын асылдандыру, бордақылау қолға алынған. Мемлекет көмегіне иек артқан кәсіпкер бастаған ісін аяқсыз қалдырмай, одан нәтиже шығаруды көздейді. Алдағы күндердің еншісіне белгілеген бірнеше жоспары бар.

Орайы келсе, басқа да кәсіп түрлерін дамытып, ауылдастарын тұрақты жұмыспен қамтуды ойлайды. Шаруаның басын біріктіріп, ауыл-аймаққа үлгі боларлықтай еңбек етіп жатқан кәсіпкер өмірдегі бар қиындықты еңбек жеңетінін қаперден шығармақ емес.

АУЫЛДАҒЫ АЛМА БАҚ

Әрі қарай сапарымыз Т.Жүргенов ауылында жалғасты. Мұнда халқын тұрмыс түйткілінен ада еткен азамат бар екен. «Құрманбай ата» шаруа қожалығының иесі Еркін Бекжанов талай жылдан бері туған ауылын түлетуге үлес қосып келеді. Жуырда кәсіпкер ауыл іргесінен арнайы жер алып, 13 мың түп алма ағашын егуге кіріскен. Кәсіпкер еңбегін ауыл ақсақалдары да жоғары бағалап, ақ батасын беруде. Шынында, миллиондап табыс тапса да, таразы басына абыройды жоғары қойған азаматтың пейілі шығары белгілі.

– Кеңес үкіметі кезінде осы ауылда алма бақ болған. Кейін қараусыз қалғандықтан ізін де таппай қалдық. Мен сол бақта бағбан болған едім. Қазір қуанышымда шек жоқ. Ісімізді Еркін деген азамат жалғастырып жатыр. Қаншама адамға жұмыс тауып берейін деп отыр. Кәсібіне береке берсін дегім келеді. Қазір алма ағашының біреуін болса да өз қолыммен егіп кетейін деп келіп отырмын», – деді 94 жастағы ақсақал Әшен Үбайдуллаев.

Тәуекелге бел буған кәсіпкер де өз кезегінде аядай ауылының ажары ашылып, жасыл-желекке әрі жемісі мол өлкеге айналуын қалайтынын жеткізді. Мұнда жұмыс қызу. Ауыл тұрғындары қазірдің өзінде жеті мыңға жуық көшет отырғызыпты. Енді ағаштар қажетті деңгейде күтіп-бапталуы керек. Себебі, кейін төккен тер жемісін берсе, игілігін де осы ел көретін болады.

Елі ырысты, жері күрішті Жалағашта әлі талай қарқынды, істер қанат жаярына біз де сенімдіміз. Себебі, түлеп жатқан тіршілік сол сенімнің айқын дәлеліндей.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы».
Суретті түсірген: Н.НҰРЖАУБАЙ.
Жалағаш ауданы.

ТУҒАН ЖЕРДІ ТҮЛЕТКЕНДЕР

ҚОЛТАҢБАСЫ ДАРА

Елдің тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістігін, Елбасының айтуынша, бір ғана Қызылорда облысынан көруге болады. Мұның айқын дәлелі, күрделі экономикалық жағдайларға қарамастан, Сырдың сол жағалауында жаңа қала бой көтерді.

«ДӘНЕКЕР»

ҚҰРМЕТ

Облыс халқы үшін сәулетті құрылыс көз қуанышы ғана емес, болашаққа деген сенімге айналды. Танымал американдық тележурналист Ларри Кингтің «тарихқа үңілер болсақ, елдердің шаһарларды жаулап алғанын көреміз, ал Қазақстан қала салады» деген сөзін ел дамуының нақты бағасы ретінде қабылдауға болады. Байқасақ, Сырдың сол қапталындағы жаңа қала елге құрметтің белгісіндей болып бой түзеді. Бұл сөзге сәнімен, өзіндік ғибратпен әр кірпіші қаланған ғимараттар дәлел. Нысандар мердігері – 18 құрылыс компаниясы.

Елбасының Жезқазғанда кәсіпкерлермен кездесуінде айтқан сөзімен ел азаматтарының ойы бір жерден шықты. «Әрбір кәсіпкер табысының бір бөлшегін халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағыттауы тиіс» деген тапсырма «Туған жер» бағдарламасында нақтылана түсті. «Бұлаққа бұлақ қосылса, теңіз болады». Ендеше, іргетасы ізгі ниетпен қаланған құрылыстар сол жағалау тіршілігін жандандырды.

Бүгінде сол жағалауда «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында мердігерлер жеке қаржысы есебінен тұрғын үй салып жатыр. Ел дегенде елгезек, жұрт дегенде жанын салатын компаниялардың бірі – «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС. Директоры – Әбдімәжит Жансақалов. «Дәнекердің» еншісіндегі 40 пәтерлі тұрғын үй құрылысы Қызылорданың 200 жылдық мерейтойына тарту десек болады. Құрылыстың аумағы 2400 шаршы метрді құрайды. Өткен жылдың қарашасында іргетасы қаланған үйдің қазір 5-қабаты өрілуде. Ізін ала 2-қабатта сылақ, 3-қабатта электрмен жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. Ел көкейінде «тұрғын үйдің бағасы қалай болар екен?» дегендей сұрақ алдымен туындайтыны анық. Айтайық. Компания басшысы Әбдімәжит Әлмағамбетұлы ғимараттың басым бөлігі «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» салымшыларына тиесілі екенін айтты. Бағасы шаршы метріне – 120 мың теңге. Бұл ел бойынша ең төменгі мөлшер. Нысанның жанында балабақша құрылысы аяқталып, Жастар үйі мен «Болашақ» университеті оқу корпусының кірпіштері қалана бастады. Сол жағалауды бойлай қазір жол да салынып жатыр. Бұл халықаралық «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» тас жолына жалғасады. Қаланы тоғыз жолдың торабы дерсің.

Тұрғын үйдің сипаты мен санынан сапасына көшсек. Мұндайда құрылысшылардың тәжірибесі ең алдымен ескеріледі. Бұл орайда жиырма жылдан астам талай ауқымды құрылыс нысанының кірпішін қалаған бірінші категориялы лицензиясы бар компания сенім үдесінен шыққан. Бас инженері Серік Асқаров құрылыс материалдарының басым бөлігі компания цехтарында жасалғанын жеткізді. Құрылыс бағытындағы өзге компаниялардан артықшылығы, кірпіш, бетон, терезе де өздерінде өндіріледі. Тек сәнді кірпіштер Көкшетаудан алдырылыпты. Бүгінде құрылыс алаңында 150-ге тарта құрылысшы еңбек етуде. Бұрын компания басшысы жергілікті азаматтардың құрылыс басына жоламайтынын қынжылып айтушы еді. Бүгінгі жағдай басқа. Былтырдан бері өзіміздің жігіттер Өзбекстаннан келетін бригадалардың алдын орап, құрылыс басынан табылды.

Сонымен, қазақы нақышты ескерген қызыл үйлердің ерекшелігі неде? Қызыл демекші, мұндай үйлердің көп салынуының да себебі бар. Сырдың ауа райына, жел мен дауылына қасқайып тұратын мықты тас сол – қызыл кірпіш. Сәннен бұрын сапаның алда жүретінін осыдан-ақ аңғарсақ керек. Ал әзірге тұрғын үйдің ескерген тұсы ретінде әр үйде жеке газ қондырғысы орнатылатыны айтылуда.

ҚАЙРАТКЕРЛІК

«Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС-ның атауын ылғи да еңселі нысандардың ашылу салтанатында естиміз. Тәуелсіздік жылдарынан бері құрылыс саласының бел ортасында жүрген, әлеуеті жоғары компанияның елге қызмет еткеніне биыл – 21 жыл. Өз өмірінің ғана сәулетшісі емес, тұтас халықтың өміріне әсер еткен компания басшылығы мен құрылысшылардың еңбегі көзге жылы ұшырайды. Тасбөгеттегі 200 орынға арналған көпсалалы балалар ауруханасының ғимараты мен ішіне кіріп, көз тастасаңыз, киіз үйдің шаңырағындай сән түзеген ерекше орын – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» «Дәнекердің» ерен еңбегі, күш-қуатымен салынған. Компанияның іргелі істерінің бірі 6 млрд теңгеден астам қаржыға салынған – балалар ауруханасы. Аурухана ашылғаннан бері сапалы медициналық көмек алу үшін сырбойылық балғындар алысқа ұзамайтын болды.

«Дәнекердің» өмірбаянынан компанияның қиын өткелдерін, құрылысшының қайратын таныдық. Ақпарат айқын болуы үшін Әбдімәжит Жансақаловтың өзімен кездестік. Біз барғанда құрылысшылармен жиналыс өткізіп жатыр екен. Аз уақытта басшының қысқа-нұсқа ойларымен айналасындағыларды үйіріп, иіріп әкететінін байқадық. Газетте «басылым басшысына тартады» деген тіркес бар. Ал құрылыс компаниясы басшысының шегедей нық сөзінен оның тас түйін тірлігі аңғарылды.

«Дәнекер» ашық акционерлік қоғамы 1997 жылы бұрынғы «СМПК-1. Агропромтехника» негізінде құрылған. Алғашында бұл компанияға өндірістік-техникалық бөлім басшысы болып орналасқан Әбдімәжит Жансақалов 1989 жылы сол мекеменің басшысы қызметіне дейін көтерілді. Бұдан кейінгі жағдай елге мәлім. Кеңес Одағы ыдырап, ел – ерге, ер жерге қараған күн туды. Құрылыс компаниясында баяғыдай күй жоқ, бірақ ақылмен жол табатын басшы бұл тығырықтан да шыға білді. Жабыққан жандарға жалау болу үшін жұмыртқа да сатты, күріш, ұн, апельсинді де өткізді. Салиқалы істерді сабырмен атқара жүріп тәуекел етті. 1997 жылдан бастап Байқоңыр қаласында және Қызылорда қаласы мен аудандарда тұрғын үйлер мен мектептердің жылыту, сумен жабдықтау, кәріз су жүйелерін жөндеу жұмыстарымен айналысты. Атқарған жұмыс көптің көңілінен шықса керек, істің ауқымы кеңейіп, жоспарлы түрде кірісті. 2003 жылы «Дәнекер құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылды. Бағыт – құрылыс-монтаждау жұмыстары. Іс оңға басты. «Таза су» бағдарламасына сәйкес, Жаңақорған, Сырдария, Жалағаш аудандарындағы елді мекендерде ауызсу жүйелерін қайта жаңғырту, «Қорқыт ата» атындағы әуежай ғимаратының құрылысын, орталық стадион, қалалық туберкулезге қарсы күрес диспансері ғимараттарының күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу компанияға жүктелді.

2010 жылға дейін серіктестік Жосалы кентіндегі 60 орындық туберкулезге қарсы күрес диспансерін, тәулігіне 150 дана цистерна жуатын станцияны, Сырдария ауданының А.Тоқмағамбетов ауылында 150 орындық ауыл клубын, Қызылорда қаласында «Халыққа қызмет көрсету орталығын», Арысқұм кешенінде 200 орындық жұмысшылар қалашығын салды. Сондай-ақ, жаңа КПРС базасы құрылыстарын, Қызылорда қаласы халқын аяқсумен қамтамасыз ету мақсатында ұзындығы 4228 метр Жібек жолы каналын және ұзындығы 1824 метр ирригациялық жүйе құрылысын жүргізіп, «Тағзым» алаңына кеңейту және абаттандыру, Тереңөзек кентінің орталық алаңын көркейту жұмыстарын жүргізді.

Еңбекті бұқара да, билік те бағалайды. 2006 жылдың қорытындысы бойынша компания облыс әкімдігінің сертификаты мен «Сыр сәулеті» номинациясына ие болды. 2009 жылы Еуропалық кәсіпкерлер Ассамблеясы номинациялық комитетінің (Ұлыбритания) шешімімен серіктестік директоры Әбдімәжит Жансақалов «2009 жылдың үздік менеджері» медалімен, 2008 жылы «Қазақстанның күрметті құрылысшысы» атағымен марапатталды. Ал «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС Австрия астанасы – Вена қаласында өткен XXI ғасыр көшбасшылары бүкілхалықтық имиджбіз бағдарламасы лауреаттарының дипломын иеленді.

Марапатқа құрылысшылар тоқмейілсіген жоқ, қайта құрылыстың қарқыны артқан. Мұнан кейін Сырдария ауданының Тереңөзек кентінде 1200 орындық, Шиелі ауданының Н.Бекежанов ауылында 600 орындық мектеп, Жалағаш ауданының Жаңадария ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт, Жаңақорған ауданының Сүттіқұдық елді мекенінде 90 орындық балабақша, Шиелі ауданында ауысымына 250 келушіге арналған емхананың құрылысын жүргізді.

2012 жылдан бастап серіктестік «Ақбұлақ» бағдарламасына сай Сырдария ауданының Тереңөзек кенті және Іңкәрдария ауылы мен Ақжарма елді мекені, Қармақшы ауданының Ақтөбе елді мекені, Шиелі ауданының Тәжібаев, Алмалы ауылдарындағы жеке тұрғын үйлерді ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында үйлерге су құбырларын тартып берді.

Сапалы маманды таңдау, тани білу келбеттегі емес, көкіректегі көздің ашықтығынан. Құрылысты қиыннан қиыстырып тұрғызу – шын шебердің ісі. Серіктестік директоры алдымен адамның іскерлігі мен адалдығына мән беретінін айтады. Сонда ғана құны қыруар қаржыны құрайтын 200 орындық көпсалалы балалар ауруханасын салуға тәуекел етуге болады. Компанияның соңғы жылдардағы жұмыстарына қайта зер салсақ, 2016 жылы М.Нәлібаев ауылындағы 300 орындық мектепті пайдалануға берді. Өткен жылы Жаңақорған ауданындағы Түгіскен елді мекенінде басталған 140 орындық балабақшаның құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталуға жақын, осы жылдың мамыр айында тапсырылады. Ал жақында Сырдария ауданында 42 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысы басталды.

«Адамның адамшылығы істі қалай аяқтағанынан емес, қалай бастағанынан білінеді» дейді хәкім Абай. Компанияның бастауында талапшылдықпен қатар, жолдан да, жолдастықтан да қалмайын деген ізгі ниет бар. Сондықтан жұмыс – салмақты, жоспар – тиянақты. Бірақ ең бастысы – басшының тиянақтылығы. Ердің іскерлігі мен жеңісі қашанда елдің мәртебесі емес пе?!

ҚАМҚОРЛЫҚ

«Мен құрылысшы екенімді мақтан тұтамын». Әбдімәжит Жансақаловтың бізбен әңгімесі осылай басталған болатын. Жастық күш-қуатын күлкі, қыдырысқа емес, келелі іске, құрылысқа арнау үшін о баста бойда дарын болу керек. Өйткені Шерхан Мұртаза: «Көлдің тақырға айналуы оңай, байдың пақырға айналуы оңай. Ал, таусылмайтын байлық ол – Құдай о баста пешенеге берген дарын. Сол дарын еңбек етсең ғана байлыққа айналады», – дейтін еді ғой. Бұл даналық нені меңзейді? Қолдағы емес, мидағы, имандағы байлығыңа сен дегені.

«Дәнекердің» бір даралығы бар. Шалғай жатқан елді мекендердегі құрылыс нысандарын ел игілігіне табысталғаннан кейін компания атынан сый-сияпаттар беріп тұрады. Мекемеге кіріс болып келген қаражат серіктестіктің дамуына, халыққа көмек көрсетуге, қайырымдылыққа жұмсалады. Айталық, Шиелі ауданында ауысымына 250 келушіні қабылдауға дайын емхана құрылысын бітіргесін, нысанның ашылу салтанатында емхана қызметкерлеріне компания тарапынан жедел жәрдем көлігін тарту етті. Ал Шиелі ауданының Н.Бекежанов ауылындағы 600 орындық мектепті пайдалануға беру кезінде – музыкалық құрал-жабдық, Жаңақорған ауданының Жайылма ауылындағы 250 орындық мектеп дәлізіне – төсейтін кілем, Сүттіқұдық елді мекеніндегі 90 орындық балабақшаға плазмалық теледидарды сыйға тартты.

Әбдімәжит Жансақалов Өзбекстанда, Ташкент облысының Бостандық ауданында дүние есігін ашқан. Орта мектепті бітірген соң Қызылордадағы политехникумға оқуға түседі. Одан кейін іле шала Жамбыл гидромелиоративті ауыл шаруашылық институтының Қызылорда филиалын бітіреді. Содан бері инженер-құрылысшы мамандығын басқа кәсіпке ауыстырып көрген емес.

Бүгінде серіктестіктің жұмысы – отбасылық бизнес. Бұл ел үшін аса қызық тақырып. Алайда жұмыстың алға басуына шын жанашырлық пен іскерлік керек екені айтпаса да түсінікті. Айталық, әлемде шағын және орта бизнестің көпшілігі отбасылық келісімшарт бойынша іс жүргізеді. Қазір директордың орынбасары – інісі Хамит Жансақалов, ал бас бухгалтердің орынбасары – қызы Индира, кірпіш зауытының директоры – ұлы Төлеутай екенін білдік.

– Інім Хамит компаниядағы жұмысты бес саусағындай біледі. Өйткені, ол жарты ғасыр бойы компанияның әрбір жұмысын, сынағын бізбен бірге өткерген. Ағайынды болған соң қызметі көтерілген жоқ. Ол – біздің бизнестегі профессор, – деді Әбдімәжит аға.

Индира да жоғары білім алғасын «ҚазГерМұнай» компаниясында жұмыс істеді. Бәсекелестік ортада бағын сынады. Бірақ әкесі бухгалтерлік есеп бойынша жақсы маман іздегенде қызына «бізге жұмысқа кел» деп қолқа салады. Индира әуелде келіспейді. Бірақ әкеге бір сөзді екі рет айтқызбайсың ғой.

Ал Төлеутай мектеп бітірген соң әке жолымен жүруге ниеттенген жоқ. Университетті экономист-қаржыгер мамандығы бойынша бітірді. Қаржы полициясында жұмыс істеді. Бірақ әкенің көзі ұлының бойынан кәсіпке деген қабілетті таныды. «Сен де құрылыс саласына келсең қайтеді» деген кеңесін бірде емеурінмен білдірсе, бірде шынымен ақылын айтты. Әкемнің компаниясы екен деп Төлеутай қаржы полициясындағы қызметінен бірден келе қойған жоқ. Алдымен инженер-құрылысшы ретінде диплом алып, содан кейін ғана отбасылық бизнеске қосылды. Қазір «Дәнекер» ЖШС – кірпіш зауытының директоры. Жоспар бойынша, нысандарды кірпішпен қамтамасыз етеді.

Ағамен әңгімелесе отырып, қабырғадағы спорттық жүлдеге көзім түсіп кетті. «Аға, бұл не?» деген сұрағыма:

– Өткенде бір спортшы қыз шет елге жарысқа шығу үшін демеуші болуды сұраған. Сайыстан келген соң алтын жүлдесін компанияға сыйға тартты, – деп жауап берді.

Жөн білетін, істің көзін танып, қалың жұртты біріктіре білетін ағаның қалпына риза болдық. Бұл ел сенімін арқалаған депутатта болуы керек қасиет. Асыра мақтағанымыз емес, ақпарат көздерінен Әбдімәжит Жансақаловтың елге берген көмектерінің тізімін көзіміз шалды. «Оң қолым бергенді сол қолым көрмесін» дейтін пейілін аңғардық. Әйтсе де, жақсы істі жарияласақ, жақсылық тек еселене түседі.

Қанша тұрғынның еміне, үйлеріне, балаларына қаржылай көмектескенін Жансақаловтың өзі нақты білер. Бірақ қашанда шаңы бұрқырап жататын Қызылорда қаласының әл-Фараби аумағындағы Нысанбай жырау көшесін тегістеп, ГПС төсеп беруі көпшілікті қуантты. Сыр елінің дамуына қосқан үлесін естісеңіз көңіліңіз тояды. Бұл іске осынша қаржы құйыңыз деп ешкім міндеттемегені айқын. Көңіл қалап, ниеттенбесе, миллиондаған қаржыны қалтадан суырып беру екінің бірінің қолынан келмейді. Бұл компания жетекшісінің елге деген қамқорлығы деп түсіндік.

«Сенім – ердің серігі». Санамыз ісімізден озып жүру үшін сенім керек. Қысылтаяңда көмек қолын созу үшін сенім керек. Ал ел сенімін арқалау үшін елге деген құрмет, қайраткерлік, қамқорлық керек екенін түсіндік.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

БРИФИНГ

ЖОЛ ЖӘНЕ ЖОЛАУШЫЛАР МҮМКІНДІГІ

Жақында «Қызылорда-Ташкент» бағытына тұрақты қатынайтын автобус рейсі ашылады. Бұл жайында өңірлік коммуникация қызметінде өткен брифингте облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ержан Әбдіқалықов мәлімдесе, биылғы жылдың бірінші тоқсанында атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер жөнінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жоламанов айтып берді.

Аймақ басшысы автомобиль жолдары желісін дамыту мақсатында 2018-2020 жылдарға арналған «Жол картасын» бекіткен болатын. Соған орай республикалық және облыстық бюджеттен 103 жобаны қаржыландыру жоспарланды. Оның аясында 1390 км құрайтын автомобиль жолдары мен көшелерге және 12 көпірге, қайта жаңғырту, күрделі және орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Нәтижесінде 2020 жылға қарай жергілікті маңызы бар жолдардың сапасы 65 процентке жақсарады. Жалпы, облыс аумағында автомобиль жолдарының ұзындығы 3445 шақырым. Өткен жылы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары мен елді мекен көшелерін жөндеуге және көлік инфрақұрылымын дамытуға қаржы бөлініп, 215 шақырым жол жөндеуден өтті. Ал, биылғы жылы бұл жұмыстарға 15 млрд теңге бөлініп, 360 шақырым жолды жөндеуден өткізу жоспарланып отыр.

Сонымен бірге, басқарма облыстағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарына жөндеу жұмыстарын республикалық бюджет есебінен жүргізуге ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетіне 9 млрд теңгеге бюджеттік өтінім ұсынды. Биылғы жылға 2,7 млрд теңге қолдау тауып, 15 жоба бойынша 252 шақырымнан астам облыстық және аудандық маңызы бар жолдар күрделі және орташа жөндеуден өтетін болады. Айта кетерлігі, Сырдария өзенінің сол жағалау алқабын игеру мақсатында көше-жолдары желісін орналастыру үшін облыстық бюджеттен тиісті қаржы қаралып, 2 жоба бойынша 2017 жылы басталған екі магистральді көше құрылысын салу жобасы биыл жалғасты. Сондай-ақ, Шіркейлі қаналына көпір салуға қажетті 706 млн теңге республикалық бюджеттен бөлініп, құрылыс жұмыстары басталмақ.

Ержан Қыпшақбайұлының айтуынша, соңғы 10 жыл ішінде облыста автомобиль көлігі қызметі оңтайланған. Және де жолаушы тасымалдау саласының сапасы артып, көлемі ұлғайып келеді. Тағы бір айта кетерлігі, биылғы жылдың ақпан айында 10 автобусқа облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, конкурс өтті. Жеңімпаз танылған «ГазКомТехника» ЖШС осы жылдың мамыр айына дейін беларусь елінде жасалған 10 автобусты қалаға жеткізетін болды.

Брифингте өңірдегі газдандыру, жылумен қамтамасыз ету, абаттандыру, көпқабатты тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу, су, электрмен қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Ералыұлы кеңінен әңгімеледі.

Өткен жылы «Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауының газ таратушы желілерін салу» жобасының құрылыс-монтаж жұмыстары басталды. Бүгінде бұл жұмыс тыңғылықты атқарылуда. Ал биыл облыстық бюджеттен «Шыны зауытынан АГТС-1БГРП-1 және БГРП-2-ГРП-Наурыз, Махамбетке дейінгі жоғары қысымды 1,2 МПа газ құбырының құрылысы мен Махамбет және Наурыз елді мекендерін кварталішілік газдандыру» жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қаржы бөлінді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

МӘДЕНИЕТ – ӨМІР АЙНАСЫ

Сыр мәдениетіне серпін берген биылғы жыл соны жетістіктермен басталды. Күні кеше Еуропа төрі – Лондонда облыстық филармонияның «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі өнер көрсетіп, қазақ өнерінің бәсін тағы бір биіктетті. Жаңа жыл Тұран топырағында аламан айтыспен басталды. Тұңғыш рет облыс әкімінің кубогы үшін «QYZYLORDA OPEN – 2018» атты халықаралық балдық би турнирі өткізілді. Бұл туралы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жанат Құрамысова өңірлік коммуникациялар қызметінде баяндап берді.

Облыста 172 мәдениет үйі мен клуб, 209 кітапхана, 13 музей, Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры, облыстық филармония, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме және 1 парк халыққа қызмет көрсетеді. Бұған қоса облыстық мемлекеттік архив ғимараты пайдалануға берілді. Ал Жалағашта – Мәдениет, Шиеліде, Еңбекші, Тартоғай ауылдық клубтарының құрылысы салынуда.

Жыл басынан бері 1 халықаралық, 2 республикалық, 5 облыстық конкурс-фестиваль ұйымдастырылды. Республика бойынша алғаш рет аймақта «Тарихшылар мен өлкетанушылардың» облыстық форумы өткізіліп, облыстық музейде жас өлкетанушылар бірлестігі құрылды. Бүгінде мұражайда «Қасиетті Қазақстан және Археология» залы бар. Жаңалығы мол музейлерде енді әр айдың үшінші жексенбісінде тұрғындарға және төртінші жексенбісінде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған «Ашық есік» күндері өтеді. Сонымен қатар, Сыр бойы өнері мен мәдениетін алыс-жақын шетелдерге таныстыру, насихаттау бағытында наурыз айында филармония ұжымы Ресейдің Орынбор, Ясный қаласы мен бірнеше аудандарда концерт беруді жоспарлап отыр.

– Сәуір айының 26 жұлдызында композитор К.Дүйсекеев атындағы – «Туған жер», 17 мамырда Б.Шөкенов атындағы – «Отан ана», қарашада КСРО халық артисі, Халық қаһарманы Р.Бағланова атындағы «Ақмаңдайлым» атты республикалық әншілер байқауы өтеді, – деді Жанат Ашанқызы.

Елбасы Жолдауындағы басым бағыттар облыс кітапханалары арқылы оқырмандарға насихатталып, кітап көрмесі мен тақырыптық кештер ұйымдастырылды.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында облыстық филармония Сыр бойының дәулескер күйшілері Әлшекей Бектібайұлының, Құрақтың Досжаны және Шалмырза бабаларымыздың күй өнеріндегі қолтаңбасын ұрпақ санасына сіңіру мақсатында «Бабалар аманаты» атты күйшілер концертін және «Рухани әуен әлемі» атты «Ақмешіт» фольклорлық ансамблінің, «Ұлтымның шайыр дастаны» атты Тұрмағамбет халық аспаптар оркестрінің концертін өткізді. Сондай-ақ, «Ұлы дала бояулары» жобасымен республикалық деңгейде көрмелер көрермендер назарына ұсынылды.

Биыл тұңғыш театр суретшісі Ләтифа Қожықованың 125 жылдығына арналған шаралар өтеді. Жыл көлемінде белгілі суретші, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері Салихиддин Айтбаевтың шығармашылығына арналған – «Қылқалам-өмір», Қазақстан суретшілер одағының мүшелері Рақым Шегебаевтың – «Тәуелсіздікке тарту», Амангелді Кененбаевтың «Сурет әлемінің сырын жеткізген» атты көрмелері ұйымдастырылады.

Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театры Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш Баян сұлу» спектаклімен Эдинбург қаласына (Шотландия) және Әзербайжанның Шеки қаласында өтетін халықаралық театрлар фестиваліне қатысады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».

1643 жылдың жазында Орбұлақтағы Салқам Жәңгір хан мен Самарқанның әмірі Жалаңтөс баһадүрдің жоңғарларға қарсы қол біріктірген шайқасының жеңісі бұдан бірнеше жылдан кейін Ордабасында үш жүздің хаңдары мен батырларының, билерінің ауызбіршілікпен жиналып, ортақ тіл табысып, бірігуінің тарихи маңыздылығы барлығын дәлелдеп, ой салды. Бұдан былай бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, басқыншы жауының бетін қайтарып отырды.

ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ ТАРИХИ ЖЕҢІС

Өткен ғысырдың 1993 жылы Үкіметіміздің бастамасымен Орбұлақтағы ұлы жеңістің 350 жылдығын халқымыз лайықты атап өтіп, ерліктің бағын ашып, кейінгі ұрпаққа өлместей жаңғыртып, өнеге тастады. Сөйтіп, осы кезге дейін күмән туғызып, жұмбақ болып келген ол жеңіс егемендіктің тарихынан ойып тұрып орын алды.

Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт- азаттық соғысында ұлтымыздың қаһармандарының ел тағдыры мен жер тағдырын батыл шешіп, ұлтын қорғай алатындығын дәлелдеп, көрегендік саясатының мызғымас беріктігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Орбұлақ шайқасының 350 жылдығы туралы 7 маусым 1993 жылы қаулы қабылдап, сол жылы елімізде бірқатар тағылымды шаралар атқарылды. Белжайлаудың төріндегі Орбұлақта ұлан-асыр той өтіп, халқымыздың бірлігін, ынтымағын тағы бір паш етті. Кескіліскен шайқас өтіп, жанталаса қорғаған жерге белгітас қойылды. Ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылып, бұқаралық ақпарат құралдары бұл іске белсене араласып, материалдар жариялап, арнайы телехабарлар арқылы ата-бабаларымыздың ерлігі қайта жаңғыртылып, жария етілді. Батырлардың есімдерін мәңгілікке қалдыру бағытында ұлы жеңіске ерекше мән берілді.

Әлем жұртшылығының назарын аударған Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мән-маңызы жоғары әрі өміршең мақаласы ел мен өлке тарихындағы осындай құндылықтарымызды дәріптеуге үндейді.

Салқам Жәңгір мен Алшын Жалаңтөстің қолбасшылығымен басталған ауыр шайқаста Шапырашты Қарасай, Арғын Ағынтай, Алшын Жиенбет, Қаңлы Сарбұқа, Найман Көксерек, Дулат Жақсығұл, Суан Елтінді, Қырғыздар Көтен мен Табай батырлар Жетісудан жауды қуып шығып, жаңқиярлық көрсетті.

Жоңғар, ойрат, төленгіт, қалмақтар да өз ішінде талай зобаланды бастан кешірді. Өзара араздасып ауызбіршіліктері кете бастаған ойрат ұлысы өріс-қоныстарынан айрылып, басқа жерлерге қоныс аударды. Олардың көзіне Дешті Қыпшақ даласы мен Моғолстан қарамағындағы Жетісу өңірі түсіп, қызығушылықтарын оятты. Ертіс, Шідерті, Қамысты, Есіл бойларын иемденіп, Еділ сағасындағы суы мол жайылымды жеріне ауыз салды. 1640 жылы Тарбағатай құрылтайында «Дала жосығын» қабылдап, Жоңғар хандығы мемлекетінің құрылымын тіктеп алуға кірісті. Бұған қытайлардың қысымы, жаңа құрылып жатқан қазақ хандығы кедергі келтіріп, мақсатын жүзеге асыртпай, жолдарын байлай берді. XVII ғасырдың 30-жылдары ойраттардың билеушісі Хара-Ұла өмірден өтті. Осы қолайлы сәтті ұтымды пайдалануға асыққан Батыр қонтайшы қалмақтың басы бірікпеген үш тайпасын өзіне бағынышты етті. Олардың көсемдері, торғауыттар басшысы Хо-Өрлік пен Дүрбіттердегі Далай тайшының көмегіне сүйеніп, бірлескен мемлекет құрды. Бұл тарихта Жоңғар хандығы деген атымен әйгіленді. Осы ғасырдың екінші жартысынан бастап жоңғарлардың қазақ даласына басқыншылық соғыстары өрши түсті. Олар Қытай мен орыстың отты қару-жарағын қолға түсіріп, біраз күшейіп алып, айналаға көз аларта бастады. Батыр қонтайшы он тоғыз жыл ел (1634-1653) билеген кезінде қазақ хандығына үш рет ірі әрі жойқын шапқыншылық жорықтар жасады.

Алғашқы шайқас 1635 жылы тұтқиылдан басталып, жоңғарлар жеңістің дәмін татты. Одан кейінгі Орбұлақ шайқасы тарихта ерекше орын алды. Орбұлақ қолайлы қорғаныс және соғыс жүргізу үшін қазақтарға өте ыңғайлы болды. Қорғаныс желісі мен шабуылды ұтымды әрі тиімді ұйымдастырды. Жалаңтөстің жасақталған кәсіби әскері, жоңғарлардың тас-талқанын шығарып, ту-талақай етті. Мысын басып, біраз шығынға батырды. Қанды шайқас орнында қазылған ордың іздері әлі де сайрап жатыр.

Қоянды тау шыңының шығыс жағында Күреңкейтау, Аламантау, Сарытау, Боқан таулары иықтасып созылып жатыр. Көкжеті тауының арғы жағында жоңғарлар. Таудың жоталарында терең сай бар. Таудың етегімен келе жатқан жоңғарлар шұңқырға жайғастырылған қазақ жауынгерлерін байқамайды. Орбұлақтың қия беткейіндегі қойтасты паналаған қазақтар жауын улы жебемен қарсы алады. Сонымен қатар, сасықтекенің түтінегін де пайдаланады. Улы жебе қадалса, безгек тигендей сұлап түседі. Сасықтеке шілде айында гүлдейтін улы шөп. Соны суға қайнатып, оған шұберек малып кептіреді. Сосын жағып өртейді. Жан-жаққа жайылған түтіні жан-жануарды уландырып тастайды. Мұны байқап, аңғармаған жау жапырып тастамақ болып лап береді. Олар осы кезде улы жебе мен улы түтінге ұрынады. Аузы-басын тұмшалап, ешкінің майымен майлап алған қазақ жауынгерлері улы түтінге тұншыққандарды шетінен жапырып шаба береді. Ал қазақтар уланса қымыз бен меңдуананы араластырып ішіп, тазарып алады. Аттары уланса тұмсығына құйрық маймен ұрып сауықтырады. Алғашқыда жаппай қырылып, біраз шығынға ұшырап не болғанын білмеген ойраттар біразға дейін естері шығып, беттемей қалады. Сөйтіп, уақыт ұтқызып, көмек келгенше қазақтар біраз күнді оздырады.

Белжайлаудағы Итшоқы жотасының баурайында 1993 жылдың 3 шілдесінде мерейтойлық шаралар басталып, сол кездегі Қазақстан Министрлер Кабинетінің төрағасы С.Терещенко мен Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы, халық жазушысы Әбіш Кекілбаев халқымыздың тарихи қаһарманды ғын қатысушыларға жансүйсінерліктей әңгімелеп, ата-бабаларымыздың жанталасқан орасан зор ерлігіне бас игізіп, мақтан етті. Ел қорғау мен жер қорғау, ұлтты сақтаудағы батырларымыздың қайсарлығы мен табандылығын, елу мың әскерлі қонтайшыны бар болғаны алты жүз қолмен әдепкі кезде тойтарып, бетін қайтарғанын, Салқам Жәңгірдің әскери тактикасының үздіктігін жарияға жар салды. «Солардан қалған белгідей айлап-апталап бастарын ажалға тіккен ардақтылардың жанына түскен жыртықтай, тәніне түскен тыртықтай боп атам заманғы оқпана шұңқырлар әлі жатыр», – деді дарынды жазушы Әбіш ағамыз.

Қанды шайқас орнында қазылған ордың айқын іздері, ерліктің қаншалықты қымбатқа түскенінің айқын дәлелі. Бұл соғыс қазақ халқының ауызбіршілігін, бір-біріне деген жанашырлығын, ынтымақты жарастығын, қиын-қыстау кездегі өзара қамқорлық жасау керектігін тағы да дәлелдеп берді. Қазақ хандығын басқарған Жәңгір хан сарбаздарына Самарқан әмірі Жалаңтөс баһадүр 20 мың әскерімен көмекке келіп үлгеріп, дұшпанның бетін қайтарып, белін сындырды.

Жер ыңғайына байланысты Орбұлақ қорғаныс пен оңтайлы қарсы ұрысқа әдейі таңдалған. Салқам Жәңгірлердің аз қолмен шабуылдауға қолайлы қорғанысы болатын. Таудың теріс беткейі, түстігі тау арнасына кірер өзен. Жау беттейтін жақ тегіс те, жан-жағы қолға ұстатқандай айқын көрінетін. Сырт беті терең сай. Осы қамажауда жақындағанын тырп еткізбей оққа ілдіріп, әрі қарға адым бастырмай қағып түсіруге ыңғайлы бекініс еді. Тек жауды жақындатып бетпе-бет келтірмей, маңайлатпай, көмек келгенше уақыт созып, шыдап, төтеп берсе болғаны. Жалаңтөс баһадүр қолымен бірге Кіші жүз Әлім ұлы, Төртқара Жиембет батыр бес мың қолды жинап, сақадай сай қаруландырып, асығыс аттанады. Олар Елек тұсынан самарқандық қалың қолға қосылады.

Орбұлаққа дейін Батыр қонтайшы қырғыздарды 50 мың қолымен шауып, 10 мың тұтқынды қол-аяғын кісендеп айдап келе жатқан. Осы жеңісіне масайрап, Жетісуды баса-көктеп, талап-тонап, оңай олжаға кенелмек те ойы болған. Жері шүйгін, суы мол тау ішіндегі қолайлы жер Үйгентастың белі арқылы, Арал төбе мен Қоғалыны тіке басып, Қараталға қарай өтсе, Жетісуды оңай шауып, олжалап өз ұлысына қарай асып түсуге болады. Қазақ қолы қонтайшының бұл айласын алдын ала түсініп, көп шығынға жол бергізбей, алдын кесіп, қос бүйірден қысатын жерге тосқауыл қоюды ойластырған.

1643 жылғы маусым айының аяғында қонтайшы әскерінің алдын Белжайлауға жеткізіп, бас-аяғын шілденің бас кезінде жинап алып, қазақтарға қалың қолмен шабуыл жасауды ойластырады. Олар Салқам Жәңгірдің жауынгерлері жолын бөгеп, соншама тосқауыл болып, төтеп береді деп күтпеген. Осы аз ғана уақытты қазақтар тиімді пайдалануға жанталасып, Самарқандағы Жалаңтөс баһадүрге шұғыл хабар беріп, тез жетуін өтінген. Олай болмаса Жетісу бойын күші басым қонтайшы әскері қан-жоса етіп, жайпап кететінін түсінген.

Батыр қонтайшы қырғыздарға Алакөлдің солтүстік беткейіндегі ордасынан Ресей мен Қытайдан алдырған отты қарулармен жасақталып аттанғанын көрсететін тарихи дәлелдер жеткілікті.

Сол тұста Жоңғар жерінде болған Тобылдың әскери қызметкерлері Григорий Ильин мен татар Кучембердейко Кучеевтің күнделіктерінде Батыр қонтайшы Белжайлаудағы Орбұлақ шайқасында әскерінің ауыр соққыға ұшырап, біраз жауынгерлерінен айрылып, қатты қайғырып, өкініп отырғанын жазады. Бұл жорық жоңғарларға оңайға соқпаған.

Теке өзенінің бойындағы Қабықсары тауында батыр қонтайшының зайыбы Дара Уба Залча айым орыс елшісі Г.Ильинді қабылдайды. Бет біткеннің сұлуы, хор қызындай үлде мен бүлдеге оранған ол көңілсіз еді. Ханшаның әкесі Хо-Өрлікте кезінде хан болған. Осы кездесуде жұбайы Батырдың жорықтан әбден абыржып, көңіл-күйі бұзылып, ордасынан сыртқа шықпай, үнсіз жатқанын айтып, ешкімді қабылдамайтынына көзін жеткізген. Шынында да қонтайшыға бұл жеңіліс ауыр соққы болып тиіп, абыройын айрандай төгіп, бақталастары арасында беделі түсіп, еңсесін жерге каратты.

Тұран өлкесінің әскери Бас қолбасшысы Жалаңтөс батыр қонтайшының әлде де тек жатпай, кек сақтап, қайта соғатынын түсінді. Ол жоңғарлар арасындағы беделін қайтаруды ойластырып жатқанын сезді. Самарқанның батыр-әмірі осы жеңісті шайқастан соң, әскерінен 17 мен 25 жас аралығындағы бес мың жігітті Жетісу аймағын қорғауға қалдырды.

Белгілі жазушы Бегімбай Ұзақбаевтың «Жалаңтөс баһадүр» тарихи романында да Орбұлақ шайқасы оқиғасы көркем тілмен образды түрде жан-жақты суреттеліп, шынайы баяндалғаны патриоттық сезіммен ерекше әсер етеді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың алға қойған тапсырмаларын жүзеге асыру негізгі парызымыз. Соңғы кездері руханиятқа қамқорлық бағытындағы жұмыстар жанданып, қанатын кеңге жаюда. Биылғы жылы Орбұлақ шайқасындағы ұлы жеңіске 375 жыл толады.

Бұған дейін де Самарқан әмірі, бас әскери қолбасшы Жалаңтөс баһадүрдің туған жері Қызылорда облысында көп шаралар атқарылған болатын. Қазалы ауданы мен Арал ауданының орталығында ескерткіші қойылды. Қызылорда қаласында салтанатты да зәулім ескерткіш бой көтерді. Арал қаласында спорт кешені ашылып, есімі берілді. Қазалы ауданындағы «Қызыл ту» ауылы Үкімет шешімімен Жалаңтөс Баһадүр атымен аталды. Жалаңтөс Баһадүр атындағы дарынды балалар спорт мектебі Қызылорда қаласында ашылып, оның оқушылары республикалық, халықаралық, әлемдік жарыстарда жүлделі орындарды иемденіп жүр.

Орбұлақ шайқасы өткен Алматы облысы, Панфилов ауданында Салқам Жәңгір мен оның 56 сарбазы жерленген қорым қоршалып, белгітас орнатылды. Сөйтіп, Жаркент жұртшылығы осы өнегелі іске, жанды бастамаға жанашырлық танытты.

Әлде де болса Салқам Жәңгір хан мен Самарқан билеушісі Жалаңтөс баһадүр мен бірқатар батырлар лайықты дәрежеде ұлықталмай келе жатқанын аңғарамыз. Бұл айқас, бұл ерлік ұрпақ жадында мәңгі сақталу керек. Осыған орай «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» және «Түгейболат» қайырымдылық қорларының идеялары бір жерде тоғысып, өздерінің қоғамдық негіздегі атқарар жұмыстарын біріктіріп отыр.

Осы орайда, Оңтүстік Қазақстан облысындағы, Қазығұрт ауданы арқылы Өзбекстанға қарай өтетін, халықаралық күре жолдың бойындағы бір жотаны жұртшылыққа рухани нәр беретін тарихи орынға айналдыруды мақсат етті. Осында «Бабалар рухына тағзым» кешені, Ұлы Отан соғысына қатысушылар ескерткіші тұрғызылып, Жастар саябағы ашылған. Осылардың жанына Орбұлақ шайқасы батырларының еңселі ескерткіші қосылмақ. Қос батыр, әскербасы Салқам Жәңгір хан мен Самархан әмірі, ұлы Әйтеке бидің бабасы Жалаңтөс баһадүрге, Орбұлақ шайқасы батырларына кешенді ескерткіш орнатуға кірісіп кетті.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдікалықованың тапсырмасы бойынша Ұлы жеңісті тойлау ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бұйрығымен бекітілген «2016-2018 жылдары өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізіміне» енгізілген. Осыған байланысты кино түсіру, қойылым қою, көрме, дөңгелек үстел, конференция және тағы басқа шаралар өткізіледі. Бұған еліміздің аймақтарындағы қоғамдық ұйымдар мен азаматтар белсене қатысып, Орбұлақтағы ұлы жеңістің мән-маңызын арттырып, шырайын шығарып, рухани жаңғырудың өрісін кеңейтетіні сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес үстіміздегі жылы Орбұлақ шайқасындағы ұлы жеңістің 375 жылдығы республикалық деңгейде аталып өтіп, Елбасының рухани жаңғыру бағдарламасы халық игілігіне айналып, тәрбиелі түрде тұрақты жүзеге аса беретін болады. Бұл өміршең идея.

Нажмедин МҰСАБАЕВ,
Жалаңтөс баһадүр атындағы
республикалық қордың төрағасы.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы көкірегі ояу, көзіқарақты жанның бәріне ой салары сөзсіз. Мақалада туған жерге деген сүйіспеншілікке, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу мәселесіне де кең орын берілген.

ӨЛКЕТАНУ – ОТАНДЫ СҮЮ

Бұл мақалада үлкен мән жатыр. Туған жерін тани білген адамның, мектеп қабырғасынан оның тарихын, әрбір сай-тасының қадірін бойына дарытқан жанның ой-өрісі де бөлек болады. Сондықтан «Рухани жаңғыру» мақаласы шын мәнінде рухани бағдарламаға айналды.

Иә, жастайынан өз өлкесін танып өсетін ұрпақ қайда жүрсе де туған жерін ешқашан ұмытпайды. «Туған жерге туың тік» дегендей, бірі туған ауылында қалып еңбек етсе, енді бірі сыртта жүріп-ақ, өскен өңіріне қолдан келгенше қолдау көрсетіп жатады. Осы тұрғыда «Рухани жаңғырудан» туындайтын «Туған жерге – тағзым» атты игі шаралар да өз жемісін беруде.

Әркімнің туған өлкесі өзіне ыстық. Шөл далада тусаң – кең далам, тауда тусаң – асқар тауым дейтініміз содан. Менің кіндік қаным тамған жерім – Жаңақорған ауданы облысымыздағы өндірісі өркендеген өңірдің бірінен саналады. Аумағы да үлкен. Дала десең даласы, тау десең тауы бар. Сол даласы мен тауына сай кен байлықтарға да бай. Қаратаудың Өгізмүйіз тауы етегінде елімізге



белгілі Шалқия кеніші орналасқан. Қызылқұм шөлі, Қаратау сілемдері, Сырдарияның Бесарық, Ақүйік, Жиделі салалары болып таралатын өзендері, Борықтыкөл, Нарсоққан, Бозкөл, Қандыарал, Шұқырой сияқты көлдеріне қоса көне тарихи-ескерткіштер көп. Қарасопы, Қорасан ата, Құрбан ата, Сунақ ата, Алты ата, Ақтас мешіті, Төлегетай-Қылышты ата кесенелері бір бөлек болса, ежелгі Ақ Орданың астанасы болған Сығанақ қаласының орны да келушілерді қызықтырары даусыз. Сығанақты айтқанда, қазіргі тәуелсіз еліміздің бас қаласы, бүгінгі Ақ Ордамыз – Астана қаласының көшелерінің біріне ескі Сарайшық қаласының атымен қатар Сыр бойының Саураны мен Сығанағының да аты берілгені, кеудемізде ерекше мақтаныш сезімін оятатынын айта кеткен орынды ғой деп ойлаймын.

Жаңақорған өңіріндегі қасиетті жерлерді жалғастыра түссек, құм астында қалған Сауран, Өзгент, Аққорған, Ордакент сияқты ежелгі қалалардың тарихы да көне замандар сырын шертеді. Аттарының өздері айтып тұрғандай, бұл қалалар да ежелгі мемлекетіміздің өсіп-өркендеуінде зор рөл атқарған. Осы қала орындары өздерінің қайталанбас атауларымен еліміздегі маңызды тарихи ескерткіштері тізіміне кірген.

Сондай-ақ, аудан аумағындағы әйгілі емдік-шипажай да бергі кезеңдегі – кеңестік дәуірден бері халқымыздың көңілінен шығып келе жатқан мақтанышымыз. Теріскен көлінің табиғи қара балшығы мен минералды суын пайдаланатын Жаңақорған санаторийіне деген елдің ықыласы әлі төмендеген емес.

Осындай киелі орындарға бай жеріміз мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, халық әртісі, атақты дирижер, еңбек ардагерлері және басқа танымал тұлғалардың елі. Енді осы аға буынның өнегелі дәстүрлерін орта буын, жас буын ұрпақтары жалғастыруда.

Облысымыздың қай ауданына барсаңыз да әр өңірге тән ерекше тарихи жәдігерлер, танымал жер-су аттарын иеленген жерлер жетеді. Сондықтан Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында облыс басшылығының қолдауымен жүзеге асырылып жатқан істер өте маңызды.

«Өлкетану» курсы өзінің аты айтып тұрғандай, бүгінгі жас ұрпаққа туған жердің тарихы мен оның танымал тұлғаларын таныстыруға, оқушылардың бойына патриотизмді сініруге өзінің зор септігін тигізері сөзсіз. Жаңа курс оқушылар ушін мектеп қабырғасымен шектелмей, табиғат аясында және тарихи, киелі жерлерге саясатқа һәм зияратқа ұласатындай экскурсиялар жиі ұйымдастырылса нұр үстіне нұр болар еді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасында осы маңызды мәселе жөнінде де жақсы айтылған: «Патриотизмнің ең жақсы ұлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс».

Шынында да, жас ұрпақты тәрбиелеу – бәріміздің міндетіміз. Үлкендерден тәрбие алып, туған жерден түлеп ұшқан әрбір жан оның өнегелі тарихы мен сол жерге өлшеусіз үлес қосқан тұлғалардың үлгісімен сусындайды. Біртуар перзенттерінің өмір жолдарынан үйренеді. Тарихи жерлерінің мән-мазмұнын өзінен кейінгілерге айтады, келген қонақтарына көрсетеді, сондай-ақ, атамекен, ел үшін ізгілікті іс атқаруды перзенттік парызы санайды. Мәселен, Кейден ауылдық округіне қарасты Аққұм елді мекенінің келешегі кемел болады деп сенемін. Ауылдан қос қабатты 100 орындық білім ошағы заңдылыққа сай бой көтерілуде және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзиттік жол бойынан ауылға қарай қиыршақ тасты жол, дәрігерлік емхана салынды, халықтың көптен күткені жүзеге асты.

Сонымен қатар, экологиялық хал-ахуалын жақсарту және тұрғындарды аяқсу және ауызсумен толық қамтамасыз ету бағытында Кейден, Аққұм, Қауық ауылдарында шешімін таппай тұрған мәселелер әлде де бар екенін айтпасқа болмайды. Ал Жаңақорған кентінің аяқсумен толыққанды қамтамасыз ету мақсатында «Тайпакөл-Қандыарал көлдер жүйесін қалпына келтіру» жобасының жүзеге асырыла бастауына, кент орталығының ауыз умен қамтамасыз ету жолындағы құрылыс жұмыстары орындалып жатқанына өңірдің перзенті ретінде қуантатыны рас.

Өлкетануды айтқанда, туған жердің тарихын қозғағанда, осындай тәрбиелік маңызды игі шараны терең білу үшін, ең алдымен оны таныстыратын жерлерге мән беру керектігіне тоқталмаса болмайды. Мақаламызда айтылғандай, өңірімізде аудан тұрғындарына да, келер қонақтарға да көрсете алатын тарихи ескерткіштер баршылық, бір сөзбен айтқанда, жергілікті туризмді дамытуға негіз бар. Дегенмен, аудандағы қазіргі өлкетану мұражайы ғимаратының барымызды бар етіп көрсетуге тым тарлық етіп тұрғаны білінеді. Жәдігерлер сақтайтын қор аядай ғана болғандықтан өлкетанудың мазмұны да тарыла түсетіні белгілі. Биыл іргетасы 1928 жылы қаланған Жаңақорған ауданының құрылғанына 90 жыл толып отыр. Ендеше осы айтулы мерейтойлық жылға орай аудандық өлкетану мұражайының да қазіргі заманға сай ғимаратты болуына көңіл бөлінеді деп сенеміз.

Иә, «Отан – отбасынан басталады» дегендей, туған жерің – кіші Отаның, ата-бабаңның атамекені. Ендеше туған жеріңді тану, өлкетану – Отаныңды сүю деген сөз. Өлкетану рухани жаңғыруға бастайды. Ал рухы жоғары адамның туған жерін сүймеуі мүмкін емес.

Жанкелді ЫСҚАҚОВ,
облыстық мәслихат депутаты.

НАРТҰЛҒА

Бақытбек СМАҒҰЛ,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген гидротехнигі Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаев ағамыз жөнінде қалам тербеу көптен ойда жүрген. Соның сәті бүгін келген секілді.

Ел басқарған, үлкен билік тізгінін ұстаған кісілердің қандай адам болғанын, беделінің қаншалықты екендігін халық біледі. Халық жақсы кісінің есімін естен шығармай әрдайым жадына сақтайды. Оның игі істері мен ізгі сөздерін көпшілікке өнеге ретінде айтып жүреді. Билік, ел басқару дегеніміз жоғары жақтың нұсқаулары мен тапсырмаларын сол мезетінде орындау ғана емес, азаматтың ажарын көрсететін, беделіне бедел қосатын нәрсе оның еңбеккорлығы, жүрегінің тазалығы, айналасындағы адамдарға деген ілтипаты. Жеке басының емес, елдің жайын ойлайтындығы, ел үшін тер төгетіндігі. Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаев ағамыз үлкен парызды ұғынған жан еді.

Ағаның әріптестері оны тек басшы деп қана емес, әр нәрсеге байыппен қарайтын, әрбір істе елдің мүддесін көздейтін, көкірегі сәулелі қазақтың үлкен азаматтарының бірі ретінде құрмет тұтты. Жаны жайсаң, жүзі жарқын, кішіпейіл, кісіні өзіне үйіріп тұратын абзал азаматты төңірегіндегілер жатырқамай, өз адамдары санады. Жұрт Әбекеңнің қызметтегі өсу жолдарына қызығын қарайтын. Оның өсу жолдары таңдандырмай қоймайтын. Мәселен, Қызылорда облысының Қазалы ауданын, одан республика экономикасының ең маңызды салаларының бірі – Мелиорация және су шаруашылығы министрлігін басқарды. Одан кейін Талдықорған облысының бірінші басшысы болды. Әрине, мұның бәрі оп-оңай аспаннан түскен жоқ. Іскерлігінің, елді басқару өнерін жетік меңгергендігінің, халықтың ықылас – құрметіне бөленгенінің арқасы.

Түркі әлемінің абызы атанған Қорқыт бабамыз өмірге келген Сыр бойында тарихқа, шежіреге бай Қазалы аталатын өңір бар. Әбубәкір ағамыз осы жерде дүниеге келген.

Қазалы кезінде Самарқанда 40 жыл билік құрып, әмір болған, Шер-Дор мен Тіллә-Хари атты қос медресе салып, жоңғарларға қарсы Орбұлақ шайқасында ержүректілігімен танылып, 20 мың әскермен қол бастап келген даңқты қолбасшы Жалаңтөс баһадүрдің, атақты Жаңқожа батырдың, Алшынның Әйтекесі атанған айыр тілді Әйтеке бидің атамекені. Ғани Мұратбаев секілді Шығыс жұлдызын, Роза Бағлановадай әйгілі жезтаңдай әншіні, талай қайраткер әкелерімізді өмірге әкелген киелі топырақ.

Реті келіп тұрғанда ардақты азаматтың өмірбаянына қысқаша шолу жасап өтейік.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Әбубәкір аға 14 жаста болатын. Амалсыз мектептен қол үзуіне тура келді. Колхозда әртүрлі жұмыс атқарып, отбасына қолғабыс жасады. Соғыс аяқталғаннан кейін ғана орта мектептегі оқуын қайта жалғастырды. 1948 жылы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының гидромелиоративтік факультетіне түсіп, 1953 жылы ойдағыдай бітіріп шықты. Нәтижесінде инженер-мелиоратор мамандығына ие болды.

Оқу орнынан кейінгі еңбек жолы Ақмола облысында басталды. Облыстық Су шаруашылығы басқармасының аға инженері болып қабылданды. Бір жылдан кейін Новочеркасск ауданының Астраханка селосына қоныс аударды. Жаңадан ашылған шабындықты көлдетіп суару бойынша мамандандырылған Жоғары Есіл басқармасының аға инженері болып қызметке кірісті. Бұл кезең тың және тыңайған жерлерді игеру науқанына сәйкес келді. Осы үш жылда абыройсыз болған жоқ. Біраз ысылды, тәжірибе жинады, ел таныды.

Шабындықты көлдетіп суару нысандарын игеруге, тың шаруашылықтарын ауызсумен қамтамасыз ететін құдықтар, скважиналар қазуға, су насостарын орнатуға, су тоғандарының құрылысын салуға қатысты. Жаңадан құрылған тың шаруашылықтарының жерге орналасуын анықтауда маман ретінде білімі мен тәжірибесін аямады.

1956 жылы ел қамбасына құйылған алғашқы миллиард пұт астық бүгінгі арамызда жүрген ардагер ағаларымыз бен апаларымыздың есінде болар. Әбубәкір ағамыз да осы миллиардқа тамшыдай болса да үлес қосқанын мақтаныш ететін.

Ақмола облысында қызмет етіп жүргенде ауданға басшылық жасаған Тәшенов, Липитюк, су шаруашылығының Дьяченко, Крылов, Малород сияқты инженер мамандарынан тәлім-тәрбие алды. Облыстың барлық аудандарында болып, жер жағдайларымен, елдің ішімен кеңінен танысты.

Алғашқыда жүрексінгенмен, өмір жолы Ақмоладан басталғанына еш өкінген жоқ. Осылай жүре берер ме еді, туған жері Қазалыға оралуына бір себеп болды. Ол әкесінің өтініші еді. «Баламды елге қайтарыңдар» деп республиканың Су шаруашылығы министріне бірнеше рет өтініш білдіріп хат жазған. Ақыры әке өтінішін орындауға тура келді.

Туған жерге келген соң аудандық су шаруашылығы басқармасына жұмысқа орналасты. Осы жерде бір жайды тілге тиек ете кетейік. Негізі Әбубәкір ағамыз қызметке қызыққан емес. Өмірінде ешуақытта қызмет сұрап, ешкімге өтініш жасамаған екен. Мұны айтып отырғанымыз, Қазалы аудандық су шаруашылығы басқармасының бастығы Ғ.Болатов Әбекеңді жұмысқа қабылдағаннан кейін бірден бос тұрған бас инженерлік орынды ұсынады. Бірақ бұған ағамыз келіспейді. Бұл туралы Әбубәкір аға естелігінде былай дейді: «Келіспеген себебім, Ақмола мен Қызылорда облыстарының суландыру жүйелерін салыстыруға болмайды. Ақмола облысында егіннің түсімі тек жаңбырға ғана байланысты болса, Қызылорда облысында тіршілік нәрі ағынды суға тәуелді. Облысты қақ жарып Сырдария ағып жатыр. Қандай да бір егістік немесе шабындық болсын, Сырдың әрбір тамшы суы тамырына барғанда ғана өнім береді. Мұның өзі бұл өңірде сусыз өмірдің де, тіршіліктің де жоқ екенін білдіреді. Сондықтан жер жағдайының және ауа райының ерекшеліктеріне байланысты суландырудың мен үшін жаңа технологиясын меңгеру қажет еді. Суармалы жерді пайдалану, сумен қамтамасыз ету, суды шаруашылықтарға нормамен бөлу, су жүйелерін дұрыс пайдалану, оны уақытында тұнба лайдан тазалау және басқа да толып жатқан жұмыстардан менің хабарым жоқ болатын. Осылардың бәрімен іс жүзінде танысу үшін төменгі жұмыстан бастағанды жөн көрдім. Оң жаға не сол жаға магистральдық каналдардың біріне жетекшілікке сұрандым». Мекеме басшысы бұған да көнбейді. Не керек, ақыр аяғында басқарманың суды пайдалану бөлімінің аға инженерлігіне тоқталады. Әбекеңнің орнында басқа біреу болса бас инженерліктен қашпас еді. Қайта екі қолын көтеріп келісімін берер. Ал ағамыз болса олай етпейді. Жауапкершілікті түсініп, ұсынған қызметтен бас тартады. Алайда, бір жылдан кейін басқарманың бас инженерлігіне көтеріледі. Екі жылдан соң басқарманың бастығы болып шыға келді.

Ұйымдастырушылық қабілеті мол, адамдармен тіл табыса білетін, өз міндетіне жауапкершілікпен қарайтын азамат қызмет баспалдақтарымен көтеріле берді. Алғашқыда Қазалы аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болса, бір жылдан соң Қызылорда облыстық су шаруашылығы басқармасының бас инженері, бастығы, мұнан соң облыстық «Қызылордасуқұрылысы» тресіне басшылық жасады.

1972 жылы оған Қызылорда облысындағы іргелі аудан – Қазалы ауданына басшылық ету тапсырылды. Әрине, үлкен қызмет. Бірақ көңілі онша қалаған жоқ. Өйткені, өз мамандығымен жұмыс істегенді жаны қалайтын. Сонымен бірге, анау-мынау емес, облыстағы білдей бір трестің басшысы. Бұл қызметке әбден төселіп қалған. Алайда жоғарғы жақтың айтқанын орындау міндет. Өнсіз тағы болмайды.

Қазалыға басшылыққа келгенде ауданның шаруасы тым қарбалас болатын. Алыстағы Қарақұмда, Қызылқұмда мал бағылады. Бұған қосымша егіс те бар. «Басықара» су тоспасы енді пайдалануға беріліп жатқан. Аз өнім беріп тұрған пәленбай мың гектар жерді тегістеу керек болды. Сол кезде ғана көп өнім алуға болады. Бос жатқан жер жетерлік. Оларды неге игермеске? Су шаруашылығының білгір маманын ауданға жіберуде осындай себептер болған секілді.

Алдағы атқарылар іске Әбекең білек түре кірісіп кетті. Оның тікелей басшылығымен ауданда бірнеше қуатты ПМК, бірнеше совхоз ашылды. Ол кісінің облыста істегені, одан бөлек талай басшы қызметкерлермен етене таныстығы ауданға айтарлықтай пайда әкелді.

Осындай жұмыстардың арқасында халық арасында абырой-беделі арта түсті. Сол кезеңде ауданның қоғамдық-саяси өміріне араласып жүрген азаматтардың белсенділігі артып, олардың ауызбіршілігі мен тұрақтылығы берік қалыптасты. Сол уақытта ұлағатты азаматтан тәлім-тәрбие алған мамандар кейін халық шаруашылығы салаларын басқарып, өнегелі істермен көзге түсті.

Енді Әбубәкір Әлиұлының Мелиорация және су шаруашылығы министрі болып тұрғанда жүзеге асырылған кейбір жұмыстарға тоқталып өтейік. Жыл сайын жоспар бойынша 900 млн сомға дейінгі құрылысмонтаж жұмыстарының көлемі игерілді, 500 шақырым болатын су құбырлары тартылды, 10-12 мың гектар көлеміндегі суармалы жер инженерлік жүйеге келтірілді, мал санын көбейту үшін жайылымдар пайдалануға берілді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығының әр салалары бойынша өндірістік базаларды іске қосу, үй құрылыстарын салу және т.б. жұмыстар да Әбекең басқарған министрлікке жүктелген болатын.

Аумағы жағынан үлкен, әлеуметтік тұрғыдан маңызды құрылыстардың қатарында Семей облысындағы «Шар», «Егенсу», «Қарақол», Шығыс Қазақстан облысында «Қандысу», Ақтөбе облысында «Қарғалы» су қоймаларын атап айтуға болады. «Тайпақ», «Абай», «Сырдария», «Белағаш», «Бозой», «Ырғыз», «Индер-Миялы», «Яблоневский» және т.б. су құбырлары халықтың тұрмыстіршілігінде маңызды рөл атқарады. Атырау облысындағы «Амангелді», Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Бұржар», Ақтөбе облысында «Қарғалы», «Шеңгелді», Семей облысындағы «Шар», Шығыс Қазақстан облысындағы «Приозерный», «Кендірлі», Қостанай облысындағы «Қаратомар» және басқа да суармалы алқаптар игеріліп, жайылымдар мен шабындықтар ұлғайтылды, ауыспалы егістіктің өрісі кеңейді. Уақыт талабына орай Атырауда, Оралда, Өскеменде 30 мың текше метрлік, Қостанайда, Семейде, Талдықорғанда 60 мың текше метрлік, Зайсанда 10 мың текше метрлік ауқымды,қуатты зауыттар салынды. Ванновка және Шамалған селоларында гидромелиоративтік техникумдар ашылып, орта буын кадрларын даярлауға үлкен көңіл бөлінді.

Бұлар Әбубәкір Әлиұлы басқарған министрліктің жасаған жұмыстарының бір парасы ғана. Мұндай қыруар істерді атқару үшін министр Тыныбаевтан асқан іскерлік, ол басқарған ұжымнан барынша ұйымшылдық талап етілетін. Анығын айтқанда министрлік орталық аппаратындағы, құрылымдық бөлімшелеріндегі және аумақтық органдарындағы моральдық ахуал, ауызбірлік, ұжымдық ұйымдасу сияқты қасиеттер барынша жоғары деңгейде болды.

Жетпісінші жылдары мақта, күріш, қызылша егістіктерінің көлемін ұлғайту жөнінде зор жұмыстар жүргізілді. Дәстүрлі суармалы егістігі бар Шымкент, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Талдықорған облыстарында сумен қамтамасыз ету ісін жақсарту шаралары іске асты. Сексенінші жылдардың басында «Бартоғай» бөгені салынып, Үлкен Алматы каналы тартылды. Мұның өзі Алматы облысы шаруашылықтарына бұрынғы суландыру жүйелерін жақсартып, жаңадан бірсыпыра тараптарға су жеткізетін мүмкіндік туғызды. Бұл үшін Қапшағайдың суы да пайдаланылатын болды.

Шығыс Қазақстан, Павлодар және Семей облыстарында Ертістің суын пайдалану арқылы жем-шөп, көкөніс, картоп егістіктерінің көлемін ұлғайтуға ұтымды мүмкіндік туды.

Ертіс-Қарағанды каналының екі жақ өңірінен көптеген жерлерді суару жұмысы сәтті ұйымдастырылды. Сол жерлерден картоп, көкөніс, сүт өндіретін жаңа шаруашылықтар бой көтеріп, ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосты. Осылайша суармалы егістікті дамытумен қатар, кей жерлерде «шағын суарма» деп аталатын шаралар қолдану әдісі кеңейтілді. Шабындықтар мен мал жайылымдарын ылғалдандыру үшін жер асты су көздерін пайдалану жолдары қарастырылды. Ол үшін көптеген скважиналар бұрғыланып, тереңнен су тартатын қуатты қондырғылар іске қосылды, оларды жан-жаққа тарататын құбырлар тартылды.

Міне, қазандай қайнаған осындай іс-шаралардың, жұмыстардың бел ортасында министр Әбубәкір Тыныбаевтың өзі жүрді. Сөйтіп, 1970 жылдан 1985 жылға дейін 15 жылдың ішінде республикадағы суармалы жердің көлемі 1 миллион 370 мың гектардан 2 миллион 234 мың гектарға жетті. Соның арқасында күріш, шитті мақта, қант қызылшасы, жүгері, көкөніс пен картоп, жемдік дақылдар егісінің көлемі анағұрлым ұлғайды. Шаруашылықтар егістіктерді механизмдердің күшімен суару үшін қажетті техникалармен қамтамасыз етілді. Суарудың білікті мамандары көптеп әзірленді.

Әбубәкір Әлиұлы қай жұмысты атқарса да барын салатын. Сол іскерлігін Талдықорған облысына басшылық еткен жылдары да көрсете білді. Сол уақытта облыстың барлық саласында ілгерілеушілік болды. Мәселен, облыстағы суландыратын жер көлемі ұлғайып, 200 мың гектарға жетті. Ауа райының қуаңшылығы орын алған жылдардың өзінде аймақта ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі 7 процентке артып, соның ішінде дәнді дақылдар 8 процентке өсті. Осы жетістіктері үшін облыс 1981-1983 жылдардың қорытындылары бойынша одақтың және республиканың ауыспалы Қызыл Туларымен марапатталды.

Жетісу өңірінде Әбекеңнің қалдырған қолтаңбалары өте көп. Олар – Лепсі өзенінің бойынан салынған «Шілікті» каналының су қоймасы, Алакөл, Ақсу, Сарқан аудандарында қант қызылшасының өнімін арттыру жолында жасалған су жүйелері мен Қаратал ауданындағы күріш өсіру жүйелерін ұлғайту және тағы басқалары.

Панфилов ауданындағы жүгері шаруашылығын көтеру шарасы, сол сияқты облыс көлемінде сол жылдары кеңінен етек алған ауылдағы мектеп, мәдениет үйлерінің құрылысы, аурухана, балабақша жұмыстарын жолға қою және тағы басқа экономикалық-әлеуметтік маңызы бар іс-шаралардың көбі Әбекеңнің бастамасымен іске асқаны елдің есінде.

Ел игілігіне айналған Әбекеңнің қолтаңбасының бірі – «Молалы-Лепсі» автомобиль жолының құрылысы. Осы жолдың қысқа мерзімде бітуіне байланысты бұрынғы Бөрлітөбе ауданының орталығы Лепсі және Матай бекеті мен облыс орталығының жол қатынасы екі жарым есе қысқарып, Талдықорған және Текелі қалаларының тұрғындары демалыс күндері Балқаш көліне барып, суға түсуге, демалуға мүмкіндік алды.

Әбекең Талдықорғанда балық өсіру ісіне де айрықша көңіл бөлді. Облыс тізгінін қолға алған алғашқы жылдары Балқаш пен Алакөлде балық өсіретін инкубациялық цехтардың құрылыстарын тездетіп салуды бірінші кезекте қолға алды. Тек балықты өсіріп қана қоймай оны қорғау, сақтау мәселелерін де алғаш болып Әбекең көтерді. Нәтижесінде Алакөл әркім қолын сұға беретін күтімсіз мекен емес, құтты орынға айналды. Жауһардай маржан жерлеріне рұқсатсыз баруға тиым салынып, браконьерлердің жолы кесілді.

Ол өзінің қарапайымдылығымен Жетісу еліне тез сіңісіп кетті. Әсіресе, Н.Головацкий, Н.Алдабергенов, З.Тамшыбаева сияқты Еңбек Ерлерін мақтанышпен айтып жүретін.

Әбекең Жетісудың адамдарымен қатар табиғатына сүйсінуден жалықпайтын.

– «Жер жаннаты – Жетісу» деп тегін айтылмаған екен. Жер бетінде жұмақ болса, ол осы жерде шығар. Мынадай табиғаты сұлу жерде дүниеге келген, осында ғұмыр кешкен, еңбек еткен адамда арман бар ма?! – дейтін.

Артында жақсы ісі, көзге көрінер жұмыстары қалған басшыны ғана ел ықыласпен еске алады. Мұны айтып отырғанымыз, кезінде Алматы облысында жауапты қызметтер атқарған Асылмұрат Тұрғанбеков өзінің естелік-жазбасында Әбекеңнің тындырған ісіне деген ризашылығын былайша білдіреді: «Мен лепсіліктер Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаевқа ескерткіш орнатса артық болмайды деп ойлаймын. Себебі жергілікті тұрғындардың жол азабынан таукымет тартып отырғанына көзі жеткеннен кейін тасжол салуды қолға алды. Әрине, бұл шараға үлкен күшпен қаржы бөлдірді және құрылыстың кестеге сай жүруін тікелей өзі бақылап отырды. Әсіресе, Ақсу мен Лепсі өзендерінің үстіне салынған көпір құрылыстарының жұмысын екі күннің бірінде өзі барып, сапасын көріп қайтатын. Содан болар бұл көпірлер қаншама жыл өтсе де әлі сыр бере қойған жоқ».

Бұл азаматтың шын жүрек сөзі. Бұған кінә таға алмайсың. Осындайда ойлайсың, тас тұғырдағы ескерткіштен не пайда. Шын мәнінде Әбекең көзі тірісінде-ақ атқарған қыруар істерімен өзіне-өзі ескерткіш орнатып кеткен абзал азамат.

Жалпы, кезінде ол кісімен қызметтес болған азаматтар ағаның адамгершілік, азаматтық қасиеттері жөнінде жылы лебіз білдіреді. Бұл сөзімізге қоғам қайраткері Роза Кәрібжанованың мына сөзі дәлел бола алады: «Әбекеңнің адамға деген сергек көзқарасы үнемі сезіліп тұратын және еңбеккерлер де мұны жақсы түсіне біліп, бүкпесіз сөйлесіп, өз проблемаларын жасырмай айтатын. Бірақ, мәселе кемшілікке тірелгенде, ол аса талапшыл болып, жанымызды қоярға жер таппаушы едік. Міне, осындай жағдайдың өзінде де ол нағыз адамгершілік пен игілік қасиетін көрсетіп, өзгені де құрметтеу сезімін жоғалтқан емес. Тіпті тексеру барысында да ол кісі нақты көмектесіп, нағыз әкелік қамқоршылық жасайтын».

Әбекең көңілді отырыстарда ән салғанды жақсы көреді екен. Даусы өте зор, кең тынысты болыпты. Бұл жөнінде атақты әншіміз Роза Бағланованың естелігінде мынадай жолдар кездеседі. «Әбубәкірдің ән салғандағы даусын естіп, қайран қалдым. «Ел іші – өнер кеніші» деген рас екен ғой. Оның дәл мұндай талантты әнші екенін ертеректе білсем студент кезінде-ақ қамқорлығыма алып, бағыт сілтер едім. Мұндай қуатты, адамның көңілін көлдей етіп, жанын қытықтайтын дауыс сирек кездеседі». Розаның: «Әбубәкір неге сен әнші болмадың? Әнші болсаң менен де мықты болатыныңа көзім жетті» деген сауалына Әбекең: «Кемеші келсе, қайықшы судан шығады». Біздікі осындай отырыстарда қолданатын әдет қой» деп қарапайымдылық көрсетіпті.

Әбубәкір аға туған еліне адал қызмет етті. Осының арқасында абырой мен беделге кенелді. Мұны төмендегі елге танымал азаматтардың, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің пікірінен де анық аңғаруға болар еді.

Бәйкен Әшімов, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1970-1984 жылдардағы төрағасы:

«Қаншама жыл қойын-қолтық араласқанда, жеке басын сипаттағанда Әбубәкір Тыныбаев мейлінше қарапайым, аққөңіл, айналасына сәулесін түсіріп жүретін мәдениетті, ал іске келгенде өз мамандығын қапысыз меңгерген, ұйымның ұйытқысы бола білген жаны жайсаң азамат еді. Біз білетін Әбубәкір Әлиұлының өмірдегі, еңбектегі азаматтық бейнесі осындай болатын».

Кеңес Аухадиев, Алматы облыстық партия комитетінің 1978-1985 жылдардағы бірінші хатшысы:

«Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаев мемлекет пен қоғам алдындағы өзінің азаматтығын жіті сезініп, жастарды мәдениетке, еңбекке баулып, еңбек адамдарын жұмысқа жұмылдырып, туған елі үшін аянбай тер төккен абзал жандардың бірі болатын. Ол білгірлігі мен іскерлігінің арқасында қарапайым инженерден облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына дейін көтерілген еді. «Отыз бес күз, отыз бес қыс, отыз бес көктем, отыз бес жаз, осал емес-ау отыз бес жас!» деп Мұқағали ақын жырлағандай, Тыныбаев өткен бұл аралық та осал өмір еместі. Сапырылысқан үлкен өзгерістерге толы саналы ғұмыр болатын.

Ол қай салада қызмет атқармасын ылғи жақсы қырынан көріне білген еді. Соның нәтижесінде өзі де, қызмет дәрежесі де үнемі өсу үстінде болды».

Қаратай Тұрысов, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1984-1986 жылдардағы хатшысы:

«Әр адам өзінше бір әлем ғой. Әрине, олардың жан дүниесін, терең қатпар сырларын бірден ұғына қою да оңай емес. Дегенмен, солардың ішінде де алғашқы кездесуден-ақ бірден жүрегіңе жақын сезініп, бұрыннан таныс-білістей ортақ тіл табысып кететін, жатырқап-жатсынуды білмейтін жайсаңдары болады. Міне, сондай жаны таза, көкірегі адал жақсы-жайсаңдардың бірі – Әбекем, Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаев еді».

Сыр елінде «сыйлаған елдің құлы бол, құлы бол да пірі бол» деген жақсы бір сөз бар. «Еліңе құл болып еңбек етсең, ертең елің өзінді пір етеді» дегендей, Әбубәкір аға – елінің құлы болып адал еңбек етті. Қазір халқы пір тұтады, ешқашан ұмытпайды.

Әбубәкір Әлиұлының Отан алдындағы сіңірген еңбегі үшін «Ленин» орденімен, үш мәрте «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Халықтар достығы» орденімен және медальдармен марапатталды. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген гидротехнигі атағы берілді. Уақытында IX сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің, сондай-ақ, IX және X сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды.

Атақты жазушымыз Әбдіжәмил Нұрпейісов айтатындай, Әбубәкір аға осы өмірде өзінің бойына ештеңе жимай, маңдай тер, табан ақысымен тапқанын бір тал суыртпақ болса да халқының бойына жапсырып, тек халқына қызмет етті.

Бар болмысымен, бітімімен дара туған жан өмірден өткеннен кейін оның есімін мәңгілікке қалдырудың шаралары қолға алынды. Нәтижесінде Алматыдағы К.Байсейітова көшесінің бойындағы өзі тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды. Қазалы ауданының Әйтеке би кентінен көше аты берілді және осы аудандағы кезінде өзі салғызған «Басықара» су тоспасы Ә.Тыныбаев есімімен аталады.

Халқының ерекше құрметіне бөленген ардақты жан, Сыр елінің перзенті Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаев туралы ой-толғамымызды түйіндей келе оның туғанына 90 жыл толуына байланысты облыста іс-шара ұйымдастырылса нұр үстіне нұр болар еді деген ойымызды да жеткізгіміз келеді.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс».

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан.

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП ТАРЛАНЫ ЕДІ

Иә, қырық жылға таяу ғұмыр жасын қоғамдық тәртіп сақшылығына сарп еткен полиция подполковнигі Досмайыл Қошқарбайұлы Нұрбаев есімі бұл саладағы аға буын өкілдерінің әлі күнге есінде.

Қызылорда қаласының іргесіндегі бұрынғы төртінші ауылда шаруа отбасында 1928 жылы жарық дүниеге келген Досмайыл Қошқарбайұлы анасы Ақбалдақпен бірге өткен ғасырдың қырқыншы жылдарының соңында туған ағасы Смайылдың қызмет бабымен барған Өзбекстанның Термез қаласына қоныс аударған болатын. Елдің шетіндегі, желдің өтіндегі бұл қала кеңестік адамдарға мүлде жұмбақ Ауғанстаннан ат терлетер, таулы өлке Тәжікстаннан таяқ тастам жерде қоныстанған шағын шаһар болатын. Сауысқандай сақ, қырандай қырағы кешегі кеңестік кезеңнің өзінде бұл аймақ аса мазасыз өңірдің бірі саналушы еді.

Бір айта кетерлігі, қазақы тәрбиенің қайнарынан қанып ішкен Ақбалдақ әжеміз кейінірек баласы Досмайылмен бірге елге оралады. Сексен үш жасқа келіп бұл фәниден өткенше өзінің кіндігінен тараған балаларының балашағасын бағып-қағып, тәлімді тәрбие беруге ат салысады. Әжелерінің осы жақсылығын көзі көрген немерелері әлі күнге абзал жанды шынайы ризашылықпен еске алып отырады.

Термездегі педучилищені ойдағыдай тәмамдап, әуелі қалалық комсомол ұйымдарында еңбек жолын бастаған Досмайыл аға 1951 жылы, жиырма үш жасында Ташкент қаласындағы Ішкі істер министрлігінің офицерлер мектебін ойдағыдай бітіріп шығады.

Иығындағы погонында лейтенанттың кішігірім қос жұлдызы жалт-жұлт еткен Д.Нұрбаев жолдамамен көп ұзамай Қазақстанға қарай құстай ұшады. Әуелі Қарағанды облыстық ішкі істер органдарында қызмет атқара жүріп, кеншілер қаласындағы қылмыскерлер тобын құрықтауға атсалысады, мол тәжірибе жинақтайды.

Қазақта «Ер туған жеріне» деген атышулы тәмсіл атам заманнан бар. Қайда жүрсең де, қандай биік лауазым тұтқасын ұстасаң да, әуелі ойыңда кір жуып, кіндік кескен атажұртың тұрады. Түнде түсіңнен, күндіз есіңнен шықпайтын бұл неткен құдірет десеңші?!

Өзі туып-өскен Сыр бойына сонау 1954 жылы оралған Досмайыл Қошқарбайұлы облыстық ішкі істер басқармасындағы жауапты қызмет саласында бірнеше жыл жұмыс атқарғаннан кейін шені жоғарылап, басшылық сеніміне ие болады. Талай жедел қимыл тобын бастап қоғамдық орындардың, көпшіліктің мазасын алған көше бұзақыларын құрықтап, сала басшылығы тарапынан сан мәрте марапатқа ие болады.

Қоғам алдындағы өз жауапкершілігін жете сезінген Досмайыл аға қырықтың қырқасына таяғанда КСРО Ішкі істер министрлігінің Мәскеу қаласындағы жоғары милиция мектебіне оқуға аттанады. Одақтас республиканың тұс-тұсынан осында ағылған алуан түрлі ұлт өкілдерімен бірге сабақтан қолы боста милиция қызметінің қыр-сырына жатпай-тұрмай қанығады. Оның пайдасын елге оралып, кәнігі қызметіне қайта кіріскенде көрді. Оның берері мол екеніне көзі жеткеннен кейін жас әріптестеріне жалықпай үйретіп, ішкі істер басқармасында зор беделге ие болады. Көп кешікпей басқарманың сол тұстағы басшылығының ұйғарымымен Досмайыл Қошқарбайұлы Жаңақорған, Қазалы аудандарында ішкі істер бөлімдерін біліктілікпен басқарды. Бұл қызметтерде де ол өзін тек жақсы жағынан көрсетті. Әділ, талапшыл, жаны таза азаматты Жаңақорған, Қазалы аудандарының халқы әлі күнге дейін сағынышпен еске алып отырады.

Адал еңбек абыройға бөлейді емес пе? Сол жылдары қоғамдық тәртіп тыныштығын сақтауда жеткен жетістіктері Д.Нұрбаевтың омырауына «Қызыл жұлдыз» орденіне қоса жеті бірдей медальді тағып мерейін үстем еткені қазір арамызда жүрген аға буын әріптестерінің есінде болар. Тіпті бір жылдары «Милиция қызметінің үздігі» төс белгісі омырауында жарқыраған Досмайыл Қошқарбайұлын бұл қызметтің табалдырығын енді ғана аттаған жас әріптестері мақтан тұтып, бір-біріне алғыр басшы, ержүрек қоғамдық тәртіп сақшысының өнегелі істерін аңыз етіп айтатын.

– Жақсыдан тәлім дегендей, қоғамдық тәртіп сақшыларының қатарына қосылған жастар Досмайыл ағаның іс-тәжірибесін өздеріне үлгі ұстанды, өнеге тұтынды. Әсіресе, қылмыстық іздестіру бағытындағы батыл қадамдарына, іскер шешімдеріне соншалықты ыңғайлылықпен зер салды. Оны кезінде Досмайыл ағамен қызметтес болған ардагер қоғамдық тәртіп сақшылары жыр қылып айтады.

Жақсының жаттығы болмайды. Досмайыл аға қай ауданда басшылық қызмет атқарса да, жергілікті тұрғындармен тонның ішкі бауындай араласып, лезде тіл табысып кететін. Мұның сол жерде күнделікті болып жататын ірілі-ұсақты қылмыстардың дер кезінде ашылуына, анықталуына зор пайдасы тиіп жатушы еді. Оның үстіне аудандық ішкі істер бөлімі басшысы ретінде Досмайыл Қошқарбайұлының Жаңақорған мен Қазалы аудандарында қызмет атқарған жылдарғы беделі бір кісідей болатын. Жергілікті билік басшылары, ел-жұрт кісілігіне қылау жұқтырмаған, адал, білікті милиция басшысына әрдайым зор сенім артатын. Тіпті аупарткомның пленум мүшесі ретінде сол аудандардың қоғамдық жұмыстарына белсене атсалысатын Досмайыл туралы көзі тірі қатар-құрбылары, көзкөргендер аңыз етіп айтудан жалықпайды.

Бірде Қазалы аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы милиция подполковнигі Досмайыл Қошқарбайұлы Нұрбаевтың кабинетіне кезекші милиция қызметкері құлқын сәріден үстібасы кір қожалақ, жас шамасы он бір-он екідегі баланы жұлқылап кіргізеді. Досекең байқап отыр. Баланың шашы өскен, киімі көнетоз, көңілі пәс. Демек, қамқоршысы жоқ бала. Кезекшінің айтуынша, теміржолдың арғы бетіндегі шағын ауданнан жазылған арыз бойынша бөлімге жеткізілген. Кінәсі көршісінің тауығын ұрлаған жерінен қолға түсіпті.

Тауық ұрладың, банк тонадың, бәрібір. Қылмыстың аты – қылмыс. Қылмыс жасадың ба, жазасын тартуға тиіссің, тек бұл арада ақ пен қараны ажырата біл!

Досмайыл Қошқарбайұлы алдында көзін жерден алмай бүгежектеп тұрған балаға бір уақыт қарап отырып, нағыз қылмыскер басқа екенін жазбай таныды. Содан ба, мына балаға деген іштей аяушылық сезімі оянған милиция басшысы одан суыртпақтап жөн-жосық сұрай бастады:

– Атың кім, айналайын?

– Оқисың ба?

Бала сәл тосырқап тұрды да өзіне жылы ұшырай қараған погонды кісіге көзін төмен салған күйі кібіртіктеп жауап қайтарды:

– Бесінші сыныпта.

– Ата-анаң бар ма?

– Әкем жоқ, анам қыдырып кеткен...

Онан әрі Досмайыл Нұрбаев бала тағдырының қилы-қилы екенін жазбай таниды да астыртын түрде мекенжайын, кімнің баласы екенін сұрастыра бастайды. Көп кешікпей көкейін тескен сауалына жауап табады.

Баланың әкесі түрмеде, анасы болса ішкілікке салынып кеткен көрінеді. Содан қараусыз қалған әлгі баланы бұзақылар қолғанат етіп, ұрлық-қарлыққа үйрете бастаған беті екен.

Көп ұзамай баланы баукеспелікке баулып жүрген әккі қылмыскер тобымен қолға түсті де, кішкентай Дәурен балалар үйіне жөнелтіледі. Болса да маскүнем анасы аналық құқығынан айрылған болатын.

Тағдыр дегенді қойсаңшы. Қазалы аудандық ішкі істер бөлімін басқарған тұсында Досмайыл Нұрбаев аяушылық таныткан сол кішкентай баланың әкесі кейін түрмеден жазасын өтеп келіп, тұзу жолға түседі. Анасы болса ішкіліктен біржолата арылып, балалар үйіндегі ұлдарымен қауышып, ерлі-зайыпты екеуі қайта табысады.

Жылдар өте келе сол бала Мәскеуде оқып, еліміздегі беделді мекеменің білікті маманы атанды.

Облыстық ішкі істер саласында отыз жылдан астам жемісті еңбек еткен Досмайыл Нұрбаев өмірлік қосағы Гүлбану апай екеуі ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, құрметті демалысқа шыққаннан кейін, осыдан 19 жыл бұрын 20 наурызда 71 жасында мәңгілік сапарға аттанды. Артында қалған ұл-қызы әке жолын қуып, ішкі істер саласында жұмыс атқарып полковник, подполковник шендерінде зейнетке шықса, немерелерінің өздері кіріс департаментінде және прокуратура, ішкі істер саласында қоғамға ақ адал қызмет көрсетуде.

Өткенсіз бүгінімізді, бүгінсіз ертеңімізді көз алдымызға елестету әсте мүмкін емес. Тәуелсіз еліміздің жаңа ұрпағы арқылы дария абыз аталар мен алтын қолды әкелер еңбегін естен шығармауы тиіс. Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» деген болатын. Осынау сөз бәрімізге өнеге болса нұр үстіне нұр болмақ.

Ішкі істер саласының

Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі

29 наурыз, 2018 жыл №186

Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2.04.2018 жылы №6224 болып тіркелген

«2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 157 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 106-бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №157 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6074 нөмірімен тіркелген, 2017 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің электрондық эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 182 250 314,2 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 17 300 995,5 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 1 288 363,0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 8 300,0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 163 652 655,7 мың теңге;
2) шығындар – 178 356 854,7 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 1 089 548,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 10 610 667,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 9 521 119,0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 4 831 589,0 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 4 831 589,0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -2 027 677,5 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2 027 677,5 мың теңге.»;

4-тармақ жаңа мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын:

«23) халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді ендіру.»;

6-тармақ жаңа мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының құрылысы.»;

жаңа мазмұндағы 9-2 тармақпен толықтырылсын:

«9-2. 2018 жылға арналған белгіленген борыш лимиті шегінде мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздар шығару арқылы облыстың жергілікті атқарушы органымен қарыз алуы мақұлдансын.»;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қызылорда облыстық мәслихатының 19-сессиясының торағасы, облыстық мәслихат хатшысы Н. Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы «29» наурыздағы 19-сессиясының № 186 шешіміне қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы «12» желтоқсандағы 17-сессиясының № 157 шешіміне 1-қосымша

2018 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1. Кірістер	182 250 314,2
1			Салықтық түсімдер	17 300 995,5
	01		Табыс салығы	4 974 312,0
		2	Жеке табыс салығы	4 974 312,0
	03		Әлеуметтік салық	4 237 744,0
		1	Әлеуметтік салық	4 237 744,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	8 088 939,5
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	8 088 939,5
2			Салықтық емес түсімдер	1 288 363,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	165 047,0
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	10 000,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	25 000,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	130 047,0
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	797,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	797,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	182 300,0
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	182 300,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	940 219,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	940 219,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	8 300,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	8 300,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	8 300,0
4			Трансферттердің түсімдері	163 652 655,7
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	3 185 375,7
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	3 185 375,7
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	160 467 280,0
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	160 467 280,0
Функционалдық топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
			Атауы	
			2. Шығындар	178 356 854,7
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	7 637 925,1
	110		Облыс мәслихатының аппараты	59 461,0
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	59 461,0
	120		Облыс әкімінің аппараты	2 261 007,1
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 629 475,0
		007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	498 221,1
		009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	18 115,0
		013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	115 196,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	4 220 829,0
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	103 162,0
		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 840,0
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	800,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 115 027,0
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	309 277,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	149 817,0
		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	159 460,0
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	143 207,0
		078	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	143 207,0
	282		Облыстың тексеру комиссиясы	182 147,0
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	182 147,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	211 858,0
		061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	211 858,0
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	140 342,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	131 972,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	8 370,0
	718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	54 723,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	54 723,0
	730		Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы	55 074,0
		001	Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	55 074,0
02			Қорғаныс	1 632 284,6
	296		Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы	1 632 284,6
		001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	68 560,7
		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	43 595,0
		005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	123 515,0
		007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	170 974,0
		009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	93 854,2
		014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	1 056 713,7
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	75 072,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	6 714 827,8
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	6 297 570,0
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 265 060,4
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	2 777,0
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	921 000,6
		013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	48 849,0
		014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	50 816,0
		015	Қызметтік жануарларды ұстауды ұйымдастыру	9 067,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	417 257,8
		053	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	417 257,8
04			Білім беру	22 031 588,2
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	584 067,0
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	129 621,0
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	454 446,0
	261		Облыстың білім басқармасы	13 854 824,8
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	176 830,0
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	989 902,9
		004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	11 416,0
		005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	38 459,1
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	807 881,0
		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	324 276,3
		012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	272 940,0
		019	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	17 091,0
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	3 164 056,0
		025	Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	2 845 247,0
		027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 516 056,0
		029	Әдістемелік жұмыс	102 914,0
		052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	821 276,0
		056	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тілдік курстар өтілінен өткен мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін және оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	189 271,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	165 500,5
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 411 708,0
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	2 841 942,0
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	2 465 903,0
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	376 039,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	4 750 754,4
		011	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	1 557 483,6
		012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 993 270,8
		069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	200 000,0
05			Денсаулық сақтау	10 622 219,2
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	6 527 579,0
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	184 610,0
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	166 529,0
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	174 363,0
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	222 342,0
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	41 816,0
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	23 672,0
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	1 743 364,0
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	32 070,0
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	2 854 656,0
		039	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі	621 808,0
		041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету	462 069,0
		042	Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	280,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	4 094 640,2
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	4 094 640,2
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	7 094 361,8
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	6 795 845,8
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	110 107,0
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	256 004,0
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	672 532,1
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық ауырулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	781 849,0
		014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	548 939,0
		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	340 229,0
		018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	245 556,7
		019	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, ағымдағы іс-шараларды іске асыру	2 457,0
		037	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, іс-шараларын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 026 876,0
		045	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	421 471,0
		046	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	6 560,0
		049	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 414 993,0
		053	Кохлеарлық имплантпен емделу процессорларын ауыстыру және күтіп ұстау бойынша қызмет көрсету	33 600,0
		055	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 680,0
		056	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	86 860,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	47 329,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	795 803,0
	261		Облыстың білім басқармасы	201 490,0
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	148 608,0
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	52 882,0
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	26 780,0
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	26 780,0
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	4 619,0
		045	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 619,0
	295		Облыстың еңбек саласындағы бақылау басқармасы	65 627,0
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	65 627,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	11 012 287,7
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	5 782 518,7
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	140 426,6
		010	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	794 443,0
		030	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	636 524,0
		032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	2 455 724,0
		038	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	616 130,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	14 436,6
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	176 051,0
		114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	948 783,5
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	5 229 769,0
		014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 847 049,0
		030	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	450 000,0
		034	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	2 932 720,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	10 668 067,8
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	1 064 275,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	217 119,0
		007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	774 816,0
		010	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	64 897,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	7 443,0
	273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	2 039 402,0
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	78 535,0
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	184 929,0
		007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	414 343,0
		008	Театр және музыка өнерін қолдау	614 860,0
		009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	182 459,0
		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	253 474,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	304 338,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	6 464,0
	283		Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	339 337,0
		001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	28 445,0
		005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	201 070,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	752,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	109 070,0
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	4 758 130,6
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	349 292,6
		002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	115 900,0
		003	Әртүрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	4 056 368,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	188 565,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	48 005,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 428 893,7
		024	Спорт объектілерін дамыту	1 893 348,2
		027	Мәдениет объектілерін дамыту	535 545,5
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	38 029,5
		010	Туристік қызметті реттеу	38 029,5
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	3 809 499,5
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	3 396 940,0
		071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	3 084 467,5
		050	Жылыту маусымын ірікіліксіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдардың отын сатып алуға шығындарын субсидиялау	242 472,5
		081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	70 000,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	412 559,5
		019	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	412 559,5
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	12 607 109,6
	251		Облыстың жер қатынастары басқармасы	42 686,0
		001	Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	42 686,0
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	2 071 569,6
		001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	86 094,0
		002	Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу	49 878,0
		003	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	38 581,5
		005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	759 732,0
		006	Жануарлар дүниесін қорғау	16 596,0
		008	Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	583 548,3
		022	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	34 641,8
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	57 083,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	435 415,0
		114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	10 000,0
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	10 201 611,0
		001	Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	131 709,0
		002	Тұқым шаруашылығын қолдау	421 290,0
		014	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	421 133,0
		018	Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру	2 013,0
		019	Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер	30 000,0
		020	Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуды субсидиялау	1 974 127,0
		029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар	94 956,0
		034	Тауарлық балық өсіру өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	2 040,0
		041	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофаггардың) және биопрепараттардың құнын арзандату	749 505,0
		045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	32 734,0
		046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	378,0
		047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	1 718 319,0
		048	Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өсіру	17 165,0
		050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	1 456 428,0
		051	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау	17 069,0
		053	Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділі мен сапасын арттыруды субсидиялау	2 248 857,0
		054	Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау	15 233

ҚАЗАҚ ӨНЕРІНДЕГІ ҚОЖЫҚОВТАР ҚОЛТАҢБАСЫ

Бұл тақырып қазақ өнері мен мәдениетінің, ағарту ғылымы мен тарихының өткен ғасыр басындағы бұлақ бастауына қарай еріксіз тартып әкетеді. Қазақ өнеріндегі Қожықовтар қолтаңбасының ізін тану үшін олардың әрқайсысының өмір жолы мен еңбегін саралап шығу бір мақаланың ауқымына сыймайтынына көз жеткіздік. Сондықтан ағайынды Қожықовтардың шыққан тегі мен сол кездегі тарихи оқиғалардың олардың өміріне, келешегіне тигізген әсеріне соқпай кете алмадық.

Қоңырқожа

Қожықовтар әулетінің қазақ өнеріндегі орны туралы айту үшін ең алдымен Қоңырқожа Қожықовтың феноменіне терең бойлау керек сияқты. Ол қайраткерлігімен, ұстаздығымен танылып, тәңкеріске дейінгі және кейінгі кезеңдегі еліміздегі көзі ашық адамдардың бірі болған. Екі түйесі мен бір бұзаулы сиырынан басқа малы жоқ әкесі Қожық ел жайлауға көшкенде соларға ілеседі екен. «Қожа ауылының қалың көші келе жатыр» деп сөз тергендер көп ұзамай мал дәрігері Қожыққа жүгінетін болған.

Кедейлігіне қарамастан, Қожық баласын алдымен төртжылдық түземдік орыс мектебіне оқытады. Оны үздік бітірген Қоңырқожа 1900 жылы Тәшкендегі императорлық мұғалімдер семинариясын тауысып, «халық мұғалімі» атанып елге келеді. Ол заманда мұндай оқуға бірді-екілі адамның ғана қолы жеткені белгілі. 1905 жылы болашақ қайын жұрты Мұнайтпас болыстың ауылына мектеп ашу үшін барады. Осы ауылда, яғни Перовск уезінің №5 ауылында Қазақстандағы, қала берді Орта Азиядағы еуропалық үлгідегі тұңғыш мектеп ашылады да, үлкен оқуды бітірген зиялы жігіт сонда мұғалім болып барады. Міне, осы жерде екі әулеттің тағдыры бұғысады.

Бұрын балаларын молдадан сауаттандырған ауыл адамдары (олардың арасында Қоңырқожаның туыстары да бар) мұндай мектептің ашылуына қарсылық білдіреді. Дегенмен, мектеп тәңкеріске дейін жұмыс істейді. Қоңырқожадан кейін революция белсенділерінің бірі болған Арбаб Сарынов, 20-жылдары комсомол ұйымдарында жұмыс істеген Шахзада Жүсіпов, қазақ тәуелсіздігі идеясының негізін қалаушылардың бірі – Сұлтанбек Қожанов дәріс алады. Мұғалім әсіресе, қыз балаларға білім беруді ойлап, оқушыларды ауыл-ауылдан өзі жинайды.

Мектепке қазақ қыздары да келе бастайды. Мұнайтпас болыстың Ләтипа атты қызы Қоңырқожа мұнда келместен бұрын атастырылып, қалың малы алынып қойған еді. Қоңырқожаның да төре руынан атастырылған қалыңдығы бар. Мундир киіп, алтын түйме таққан жас жігіт алдарына келгенде одан қыздардың қай-қайсысы да көз алмаған. Жас Ләтипа ұстазына бірден ғашық болады. Мектептегі сабақ молдалар мен Қоңырқожаның ағайындары тарапынан туындаған қарсылықтарға қарамастан жүріп жатады. Бірақ бір күндері қыздар біртіндеп сабаққа келуді тоқтата бастайды. Ата-аналары жібермей қойды ма, әлде басқалай себебі бар ма, белгісіз... Мектепте тек Ләтипа отыратын болды. Мұнайтпастың екінші қызы Күләндәм да көзге көрінбей қойғасын Қоңырқожа болыстан мән-жайды сұрайды. Сонда Күләндәм мұғаліміне Ләтипаның шымшығанынан өне бойының көкала торғайдай болғанын айтып шағымданады. Басқа қыздардың да көрген күндері осы. Олардың сабақтан қалудан басқа амалы қалмаған. Сөйтсе, Ләтипа ғашықтықтан осындай қадамға барыпты. Қоңырқожаға қараған қыздарға күн көрсетпеген.

Мұнайтпас болыстың үш әйелінен 19 баласы болыпты. Олардың бәрінің алдындағы жауапкершілік жүгі жеңіл еместі. Ғашықтар екі жақтың да келіспейтініне көздері әбден жетеді. Ақыры қол ұстасып қашып кетуді қош көреді. Ләтипа қамаудан қашып шығып, үш күн бойы іздерінен ерген қуғыншыларға ұстатпай кетеді. Бұл әрекетті сүйекке түскен таңба ретінде қабылдайтын кезде мұның соңы ұлы даумен, қантөгіспен біткен екен. Қоңырқожаның ағасы өліп, көп мал барымтаға түскен. Тіпті ұрысты басу үшін патшадан солдат алдырған. Қожықтың ауылына келген барымташылар жалғыз сиырды қанағат тұтыпты. Сонда Қоңырқожаның шешесі «Көздегендерің іші боқ, сырты тұқ мал болса, алыңдар, құдай маған баға жетпес байлық – ұрпақ береді» деген екен. Ананың сол сөзі айнымай келді. Ләтипадан туған Қожықовтар түгелімен қазақ өнеріне қызмет етіп, аттары әлемге танылды.

Ерлі-зайыптылар Перовскке тұрақтап, Қоңырқожа теміржолшылардың кешкі мектебіне оқытушы болып орналасады. Онда Ресейден жер аударылған жұмысшылар оқиды. Осы жерде антидержавалық көзқарасы қалыптасып, 1905 жылы Перовск станциясы теміржолшылармен бірге ереуілге шыққаны үшін түрмеге жабылды. Оны патшаға қарсы үгіт жүргізді деп айыптады. Қамаудан босаған соң отбасымен Түркістанға қоныс тепті. Онда 1914 жылы Құлахмет дүниеге келді. Түркістандағы қазақтар көтерілісінен кейін Скоблев қаласына (Ферғана) жер аударылды.

Сол кездің өзінде Қоңырқожа Орта Азия мен өлке тарихы туралы энциклопедиялық білімнің иесі еді. Орыс, араб, парсы, шағатай, басқа да түркі тілдерін жетік білген. 1912 жылы Қарнақ орыс-түземдік мектебінің меңгерушісі бола жүріп араб қарпімен бастауыш сыныптарға арналған оқулық шығарған. Сол жылы Романовтар билігінің 300 жылдығына орайластырылған шағатай тіліндегі кітабы жарық көрген.

Қоңырқожа Ләтипаның ағасы Серәлімен Мұнайтпас ауылына бала оқытуға барған кезден бастап жақын дос болды. Кезінде әкесін мектеп үшін қыстауын босатып беруге үгіттеп, көндірген. Жас жұбайлардың құғындағы қиын өмірлерін жеңілдету үшін Серәлі қолдан келген көмегін аямады. Ол Қоңырқожа оқыған түземдік мектепті тәмамдаған соң, Петербор университетінің заң факультетіне түскен. Қазақтан шыққан тұңғыш заңгердің бірі осы – Серәлі Лапин. Кейін жас жігіт Самарқан өлкелік губерниясында жұмыс істеді. Сол жерде заңгерлік кеңсе ашып, 1916 жылғы көтеріліске шыққан қазақ, өзбек, қырғыздардың ісімен айналысады. Тәшкенде, маңызды кассациялық істер бойынша Петерборда жиі болатын. Кейін Петерборда тұрақтап, сонда заңгерлік кеңсе ашады. Николай II патшаға Романовтар династиясының таққа отырғанына 300 жыл толу құрметіне арналған салтанатқа келетін мұсылмандар намаз оқитын орын жоқтығын айтып, Ресейдің сол кездегі астанасынан мешіт салынуына ықпал етеді.

С.Лапин бірінші түрік-орыс сөздігін жасап, Самарқан, Бұхара, Хиуадағы тарихи ескерткіштерде жазылған сөздерді тәржімалады. Кейін шығыстанушы академик Бартольд оның талдаған этнонимикаларының дұрыстығын мойындаған. Қоңырқожамен бірігіп, көптеген шығыс қолжазбаларымен сирек кездесетін кітаптарды қазақша сөйлетті. С.Лапин 1919 жылы белгісіз жағдайда қазаға ұшырайды.

1917 жыл. Түркістанда Қоқан автономиясының уақытша өкіметі құрылған кезі. Оның басы-қасында Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышпаевпен бірге Қоңырқожа да жүрді. Уақытша өкімет тағдыры қалай болғаны белгілі. Қоқанда құрылған ұлттық қозғалыс пен Қазақстандағы Алашорданың арасында сабақтастық бар. Бірақ большевиктердің күші басым. Оны басқарған М.Фрунзе Мұхамеджан Тынышпаевқа өзін інісінің досы ретінде сыйлайтынын, бұл істің соңы жақсылыққа апармайтынын айтып хат жіберіпті. (Тынышпаев Фрунзенің інісі Константинмен бірге Верный гимназиясында оқыған.) Қоқан уақытша өкіметі құлаған соң Қожықов пен Тынышпаев Қоқаннан кетеді. Мұстафа Шоқай тағдыры бүкіл елге аян.

Кейін 1922 жылы Қоңырқожа Тәшкенге қоныс аударып, сондағы Қырғыз халық ағарту институтында дәріс оқиды және Мемлекеттік Банк меңгерушісі болады. М.Тынышпаев болса, Түркістан су шаруашылығы бөлімін басқара жүріп институтта жаратылыстану ғылымдарынан сабақ береді. Санжар Асфендияров халықтық жер комитетінің бөлім меңгерушісі болып жүрді. Ол Серәлі Лапиннің қызы Рабиғаға үйленген. Рабиға тәңкеріске дейінгі жылдарда Петербордағы Смольный ақсүйек қыздар институтын бітірген. Сол жылдары дәрігер Халел Досмұхаммедов те жұмыс істеді. Ләтипаның Жағыпар мен Әбдірахман атты бауырлары да Ташкенде тұрды. Әбдірахман – Германияда білім алған тұңғыш қазақ. Халық ағарту институтында Дінше Әділов, Мұхтар Әуезов, Құрманбек Жандарбеков, Сұлтанбек Қожанов тыңдаушы болып жүрді. С.Қожанов Қожықовтар отбасында Күләндәммен танысып, кейін екеуі үйленді.

Қожықовтардың қонақжай үйі адамнан арылмайтын. Ауыз әдебиеті мен шешендік сөздердің білгірі Қоңырқожа батырлар жырын, Кенесары ханның ерлігін таңды таңға ұрып айтып беретін. Бір кітабында Абылай ханның қазаққа сіңірген еңбегін айтқаны үшін Түркістаннан жер аударылған еді.

Қоңырқожа жер бөлу, су пайдалану және шаруа қожалықтарын ұйымдастыру жұмыстарына да белсене араласа бастайды. Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Меңдешовпен және орталықтан келген В.Куйбышев, Г.Сафаровпен бірге ТуркЦик құрамында болған. Сол кезде оған қазақ жерінің түкпір-түкпірін шарлауға тура келеді. 1922 жылы Қытайдан оралған қазақтарды Жетісуға орналастыру және аштыққа ұрынған қазақтарға жәрдем көрсету жөніндегі төтенше өкілдік жұмысын атқару тапсырылды. Оған өз ісінің білгірі, жер жағдайын, халықтың тұрмыс-тіршілігін жетік білген маман ретінде жауапты міндеттер жүктелген. Мұндайда дау-дамай, келіспеушілік те қатар жүретіні белгілі. Қоңырқожа осының бәрін бейбіт түрде әділ шешіп отырған. К.Алтайский мен М.Қаратаевтың авторлығымен жарық көрген «Гудок в степи» атты кітапта Жасанкөлге қатысты тығырыққа тірелген шиеленістің шешімін тапқаны үшін бұл жиын «Қоңырқожаның съезі» деген атау алғаны айтылады. Сонымен қатар ол аймақтанушы-сарапшы ретінде Қазақстандағы шекарасын белгілеу жұмыстарына қатысқан. Молотов жазбаларында: «Қазақстанның шекарасы сауатты жасалғаны сонша Ленин оған ешқандай түзету енгізбеді, тек құжат Тәшкенге қатысты сұраққа байланысты тартпада жатып қалды» делінген.

1925 жылдың 15 сәуіріндегі Қазақ АКСР Кеңестерінің V съезінің күн тәртібіне «қырғыз» аталып келген ұлттың «қазақ» деген тарихи әрі нақты атауын қалпына келтіру мәселесін қоюда Қоңырқожа Қожықов көп еңбек сіңірген. Тарихшы-ғалым Б.Еңсепов «Қызылорда – Қазақ АКСР-інің астанасы» атты зерттеу мақаласында Дінше Әділовтің 1928 жылы ОГПУ тергеушісіне берген жауабын келтіреді. Онда «Қожанов, мен, Есболов Табынбаевтың үйінде түскі ас іштік. Съезд аяқталуға таяған еді. Сол кезде үкімет көшіп келген Ақмешіт қаласының атын өзгерту мәселесі көтерілген болатын. Жаңа астананы қалай атау жөнінде ойластық. Қызылорда атауын алғаш ағартушы-ғалым Қоңырқожа Қожықов ойлап тапты. Одан неге деп сұрадық. Бұл қос қатпарлы атау, ол екі жақты да қанағаттандыруы тиіс екенін айтты. «Қызыл», демек, большевиктерге ұнайды, ал «орда» ұлттық атау. Демек, ол жақ та, бұл жақ та кінә арта алмайды. Бұл ұсыныспен келістік. Сұлтанбек Қожанов съезд төралқасынан кезектен тыс сөз алып ұсыныс жасады. Бірінші ұсыныс Қырғыз республикасын Қазақ республикасы деп атау, екіншісі Ақмешіт қаласын Қызылорда деп атау жөнінде. Съезд екі ұсынысты да бірауыздан қабылдады» дейді.

Қоңырқожа Қожықов Алматыдағы тұңғыш ұлттық мәдениет институтының, өлкетану мұражайы мен өнер училищесінің ашылуына ықпал еткен. КСРО Ғылым Академиясының қазақ филиалында еңбек етіп жүргенде С.Асфендияровпен бірге «Қазақстанның материалдар мен деректердегі тарихы» атты монографиясын жазған. Сол уақытта ол Қорқыт ата кесенесін, Қожа Ахмет Яссауи мазарын, Сауран, Отырар қалаларының орнын мемлекет қарауына алу туралы да бастаманы көтерген. Тарихи мұралар атласын жасаған. 1935 жылы «Жетісудің ежелгі ескерткіштері» атты кітап шығарған. Тұтқындалғанға дейін Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар қорын толықтыру бағытында жұмыс істеді. 1936 жылы ол Сауранная Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті Сүлеймен Бақырғанидың қолжазбаларын тапқан. Кітапханаға «Шахнаманын» шағатай тіліндегі нұсқасын тапсырған. 1938 жылы тұтқындалып, түрмеде 58 жасында өмірден өтті.

(Жалғасы бар)

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».

Нұрболат НҰРЖАУБАЙ (сурет).

ТАБЫС КІЛТІ – ӨЗ ҚОЛЫҢДА

«Рухани жаңғыру» орталығының ұйымдастыруымен «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы, аудармашы, педагог-психолог Сымбат Әбдірахманованың қатысуымен «Табыс кілті – өз қолыңда» тақырыбында коучинг болып өтті.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында ұйымдастырылған шараның басты мақсаты – білімнің салтанат құруы, ұлттық бірегейлікті сақтау, сананың ашықтығы арқылы қаржы қажет етпейтін жобаларды жүзеге асыру және прагматизмді дамыту. Жиынды «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы Гүлмира Әшірбекова ашып, С.Әбдірахманова жайлы видеоролик көрсетілді. Мұнан соң жоба жеңімпазы өз бастамасы жайлы айтып, тәжірибесімен бөлісті.

– Бүгінгі коучингтің маңызы зор. Бұл балаларды уақытын тиімді пайдалануға, алдарына мақсат қоя білуге, ортамен байланыс орнатуға үйретеді, –дейді С.Әбдірахманова.

Жиында оқушылардың есте сақтау қабілетін, өзін-өзі дамытуға, прагматик болуға тәрбиелейтін топтық ойындар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, шарада «HACK DAY-2017» фестивалінің қатысушысы Евгений Демиденко 3D-4D анимациялық технологиясымен жасаған жобаларын таныстырды.

Гүлжанат ҚАДЫРБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың 1-курс студенті.

«ҮЗДІК ТЕРГЕУШІЛЕР» АНЫҚТАЛДЫ

Қалалық ішкі істер басқармасының тергеу бөлімі тергеушілерінің арасында «Үздік тергеуші», «Алғыр тергеуші» «Эпизодты тергеуші», «Тапқыр тергеуші» номинациясы бойынша байқау өткізілді.

Жеңімпаздарды анықтау үшін полиция қызметкерлерінің көрсеткіші, қылмыстық істердің мерзімін сақтай отырып, дер кезінде заңды шешім қабылдауы, біліктілігі мен жауапкершілігі, жан-жақтылығы мен ізденімпаздығы басты назарға алынды. Басқарма басшылығынан құрылған комиссия шешіміне сәйкес 45 тергеушінің арасында үздіктер анықталып, нәтижесінде «Үздік тергеуші» номинациясымен тергеуші, полиция аға лейтенанты Айдос Ақбаев, «Тапқыр тергеуші» болып, полиция лейтенанты Мейрамбек Абдуллаев, «Эпизодты тергеуші» полиция аға лейтенанты Әуелхан Құдайберген, «Алғыр тергеуші» номинациясына полиция лейтенанты Еркебұлан Кеждембеков және полиция лейтенанты Нұржан Өмірзақ лайықты деп танылды.

Осыған орай, облыстық ішкі істер департаментінде үздік полиция қызметкерлерін басқарма басшысы марапаттап, дипломдар және естелік сыйлықтар табыстады. Шарада тергеушілердің ата-аналары да алғыс хатпен марапатталды.

Төл мерекелеріне орай, ішкі істер департаментінің тергеушілері де құрметке ие болды. Атап айтқанда, антқа адалдық танытып, нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізген 7 қызметкерге «Қазақстан полициясына – 25 жыл» естелік төсбелгісі табыс етілсе, 2 қызметкер ОІД-нің «Құрмет грамотасымен», 5 қызметкер «Грамотамен», 14 қызметкер «Алғыс хатпен» марапатталды.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАСТЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесінің бірі болып отыр. Бұл мәселе саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын алуда жүйелі әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу – барлығымыздың азаматтық борышымыз.

Әйгерім СӘДУАҚАСҚЫЗЫ,
«Қызылорда облыстық туберкулезге қарсы диспансері» КМҚК заңгері.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2018 жылдың II тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Т.А.Ә	Атқаратын лауазымы	Қабылдау күні, уақыты	Мекенжайы	Байланыс телефоны
Қыстаубаев Кабылбек	Департамент басшысы	Сәрсенбі сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі №5, каб. №1	8 (7242) 27-52-77
Стамқұлов Берік Әнуарұлы	Департамент басшысының орынбасары	Бейсенбі сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі №5, каб. №2	8 (7242) 27-45-25

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында департаментте арыз-шағым жәшігі орнатылғанын, сонымен қатар 8 /7242/ 26 47 17 «сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120003, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, №5.
Электрондық пошта:
kyzylorda.prombez@mid.gov.kz

ЖАНЫҢ БОЛСЫН ЖҰМАҚТА

Осы жылдың 27 наурызы күні Қызылорда медициналық жоғары колледжінің «Емдеу ісі» бөлімінің студенті, үлгілі шәкірт, адал дос Базыл Азамат Бекұлынан қапыда айырылып қалдық. Кенеттен келген сұм ажал жүрегімізді ауыртып кетті, орның ойсырап қалды. Азаматымыз ер азаматқа тән ашық-жарқын мінезі мен жан жомарттығы, қарапайым да қайсарлығы, барлығымызды күлдіртіп жүретін әзілдерімен ерекшеленетін. Ардақты жанның алдына қойған арман-мақсаты, бағындырар белестері көп болатын. Жанға жайлы мінезіңмен кең құшағыңды жайып жүрсең де, кең дүниеге сыймай, шын дүниеден тапқан мәңгілік мекенің жұмақ болсын. Сен өмірден өтсең де, көңілден ешқашан өшпек емессің, мәңгі біздің жүрегімізде сің. Жатқан жерің жарық, иманың жолдас болсын.

Таусылған ба, дәм тұзың мен
бар бағың,
Ұғындық біз бұл өмірдің жалғанын.
Қайда қалды Азаматым айтатын
«Мен дәрігер болам» дейтін арманың?
Азамат ең, тік еңселі арыстай,
Достарыңнан жырақ кеттің алыстай.
Дос жараның еске алады сағынып,
Құран оқып есіміңе бағыштай.

Еске алушылар: топ жетекшісі Алмағүл Қожабергенқызы және 6-топ студенттері.

«Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалының ұжымы саяси жұмыстар бөлімінің меңгерушісі Жарылқасынов Алтынбек Шәкімаұлына нағашылары

Әли Исаханұлы мен Заңғыр Әлиқызының

қайтыс болуларына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

* * *

Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарасты №1 қалалық емхана ұжымы бас дәрігердің «Пациенттерді қолдау және ішкі бақылау» жөніндегі орынбасары

Исаханова Заңғыр Әлиқызының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ХАБАРЛАМА

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «Көлжан» ЖШС «Батыс Тұзкөл кенішінде су айдамалау жүйесі. ТҚ-1 БШСС станциясынан СТБ-6 бекетіне дейін 8” айдамалау коллекторын тарту; СТБ-6 алаңы; СТБ-6 бекетінен №№42, 123, 332 және №334 ұңғымаларға дейін 3” айдамалау желісін тарту» жобалары бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және Azhimurat.Orazbayev@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Альсеитов Жансерик Жанзаковичтің атына Қызылорда облыстық ішкі істер басқармасынан 07.04.2011 жылы берілген №795 (сериясы №00576) зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-49, 70-00-52** телефондары арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

Кезекші редактор **Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. “АҚ” - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 30311
Тапсырыс №555

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz